

«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы

Қаржылық есептілік

2024 жыл үшін,

тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебімен

Мазмұны

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы есеп	1
Пайда немесе залал және өзге де жиынтық табыс туралы есеп	2
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп	3
Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп	4

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. Қызмет сипаттамасы.....	5
2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі	5
3. Есепке алу саясатының маңызды ережелері	6
4. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар	15
5. Деректер көрінісін өзгерту	16
6. Ақша қаражаттары және оның баламалары	16
7. Несие ұйымдарындағы қаражат	17
8. Клиенттерге несиелер.....	18
9. Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	25
10. Берілген алғытөлемдертар	30
11. Акционер алдындағы берешек	30
12. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	31
13. Кредиттік ұйымдардың қаражаты	31
14. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	33
15. Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек	34
16. Мемлекеттік субсидиялар	34
17. Салық салу	35
18. Алынған алғытөлемдертар	36
19. Басқа активтер мен міндеттемелер.....	37
20. Капитал	37
21. Шарттық және шартты міндеттемелер	38
22. кредиттік шығындар бойынша шығыстар	39
23. Өзге табыстар	39
24. Қызметкерлер құрамына арналған шығыстар және өзге де операциялық шығыстар	40
25. Тәуекелдерді басқару	40
26. Әділ құнын бағалау	50
27. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін талдау	53
28. Байланысты тараптармен операциялар.....	56
29. Қаржылық қызметке қатысты міндеттемелердегі өзгерістер	58
30. Капиталдың жеткіліктілігі	58
31. Сегменттік есеп беру	59
32. Есепті күннен кейінгі оқиғалар	59



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестік
Қазақстан, А25D6Т5, Алматы,
Достық д-лы, 180,
+7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной
ответственностью «КПМГ Аудит»
Казахстан, А25D6Т5, Алматы,
пр. Достык, 180

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

«ҚазАгроҚаржы» АҚ акционері мен директорлар кеңесіне

Пікір

Біз 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы есебінен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының елеулі тұжырымдамалары мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның (әрі қарай, «Компания») қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік Қаржылық есептілігінің халықаралық стандарттары жөніндегі Кеңесі шығарған ҚЕХС қаржылық есептіліктің стандарттарына (ҚЕХС қаржылық есептіліктің стандарттары) сәйкес барлық елеулі қатынастарда Компанияның 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

Пікір білдіруге негіздеме

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі есебіміздің «Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне («БАХӘСК кодексі») және біздің қаржылық есептіліктің аудитіне тиісті Қазақстан Республикасында қолданылатын әдептілік талаптарға сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз басқа да әдептілік міндеттемелерді аталған талаптар мен БАХӘСК кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері біздің кәсіби пайымдауымыз бойынша, ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігінің аудитінде ең маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер толығымен біздің қаржылық есептіліктің аудитінің мәнмәтіні мен осы есептілік туралы біздің пікіріміздің қалыптасуында қарастырылды және біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Клиенттердің кредиттері және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік залалдар (ККЗ)

Қаржылық есептілігіндегі 3, 4, 8, 9 және 25-Ескертпелерін қараңыз.

Аудиттің негізгі мәселесі	Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты аудиторлық рәсімдер
Клиенттерге арналған кредиттер және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек активтердің 87%-ын құрайды және тұрақты түрде есептелетін және қолданылатын жорамалдарға сезімтал күтілетін кредиттік залалдар резервін (ККЗ) шегере отырып ұсынылады. Компания ККЗ-ны бағалау моделін қолданады, ол басшылықтан келесі негізгі аспектілерге қатысты кәсіби пайымдаулар мен жорамалдарды қолдануды талап етеді: - кредиттік тәуекел мен дефолт оқиғаларының елеулі өсуін уақтылы анықтау (9 ҚЕХС (IFRS) «Қаржы құралдарына» сәйкес сәйкес 1, 2 және 3-кезеңдер арасында бөлу); - дефолт ықтималдығын (PD) және дефолт болған жағдайда шығын мөлшерін (LGD) бағалау; - клиенттерге берілетін кредит беру және несиелік құнсызданған қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек үшін күтілетін ақша ағындарының болжамы. Клиенттерге берілетін кредиттер көлемінің және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің маңыздылығына және осыған байланысты олар бойынша күтілетін кредиттік залалдарды бағалаудың белгісіздігіне байланысты бұл сала аудиттің негізгі мәселесі ретінде қарастырылады.	Біз қаржылық тәуекелдерді басқару саласындағы мамандарды талдауға тарта отырып, 9 ҚЕХС (IFRS) талаптарына сәйкестігі тұрғысынан компанияның әдіснамасы мен саясатындағы ККЗ бағалауға қатысты өзгерістердің негізгі аспектілерін талдадық. ККЗ резервін есептеу кезінде басшылық жасаған кәсіби пайымдаулар мен жорамалдарды талдау үшін біз келесі рәсімдерді жүргіздік: — Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті іріктеу бойынша біз қаржылық және қаржылық емес ақпаратты, сондай-ақ компания қолданған болжамдар мен кәсіби пайымдауларды талдау арқылы 1, 2 және 3 кезеңдерді анықтаудың дұрыстығын тексердік. — Клиенттерге берілген несиелер мен қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекке қатысты, 1, 2 және 3 кезеңдерге жатқызылған, олар бойынша ККЗ резервтерін бағалау ұжымдық негізде жүзеге асырылады, біз PD және LGD модельдерін қоса алғанда, тиісті ККЗ модельдерінің жұмыс қағидатын тексердік, негізгі болжамдарды бағаладық, сондай-ақ модельдің бастапқы деректерін бастапқы құжаттармен таңдамалы негізде салыстырдық. — 3-кезеңге жатқызылған клиенттерге кредиттер мен қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті іріктеу үшін және жеке негізде бағаланатын СҚКҚ бойынша резервтер, біз тарихи тәжірибе мен қолжетімді нарықтық ақпарат туралы түсінігімізге сүйене



«ҚазАгроҚаржы» АҚ

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

3-бет

	отырып, сатылатын кепілдердің құнын бағалауды және оларды іске асыру мерзімдерін қоса алғанда, болашақ ақша ағындарын есептеу кезінде компания пайдаланатын болжамдарды сыни тұрғыдан бағаладық. Біз сондай-ақ қаржылық есептіліктегі ашулар Компанияның кредиттік тәуекелге ұшырауын дұрыс көрсететінін/көрсетпейтінін бағаладық.
--	--

Басқа ақпарат

Басшылық басқа ақпарат үшін жауапты. Басқа ақпарат жылдық есепке енетін ақпаратты қамтиды, бірақ басқа ақпаратқа қаржылық есептілік пен қаржылық есептілік туралы біздің аудиторлардың есебі енбейді. Жылдық есеп бізге, болжаммен, осы аудиторлардың есебінің күнінен кейін ұсынылады.

Біздің қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратты қамтымайды және біз басқа ақпаратқа қатысты қандай да бір нысандағы сенімділік қорытындысын білдірмейміз.

Біздің қаржылық есептіліктің аудитіне байланысты біздің жауапкершілігіміз мүмкін болған жағдайда жоғарыда анықталған басқа ақпаратты оқу және басқа ақпаратты оқу барысында оның қаржылық есептілікпен немесе аудит барысында алған біздің білімімізбен елеулі дәйексіздігін немесе елеулі бұрмаланған болып көрінуін қарастыру.

Қаржылық есептілік үшін Компания басшылығы мен басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық ҚЕХС қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес қаржылық есептіліктің дайындауы мен әділ ұсынылуына және де алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, сәйкес жағдайларда үздіксіз қызметке қатысты мәселелерді ашып көрсету және басшылық Компанияны жауып тастауға немесе оның операцияларын тоқтатуды ниеттеніп отырған немесе одан басқа нақты балама нұсқасы болмаған жағдайларды қоспағанда бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдану үшін жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы ақылға қонымды сенімділің алу және де біздің пікірімізді енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.

АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек біз келесілерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз және де осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және өткіземіз және де біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені алаяқтық әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатымен, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатынсыз, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ашып көрсетілген ақпаратты бағалаймыз;
- басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біздің аудиторлардың есебінде қаржылық есептіліктегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аудартуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат орынсыз болса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Компанияның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің ашып көрсетілген ақпараты енетін бүтіндей ұсынылуын, құрылымы мен мазмұнын, және де қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды әділ ұсынылуын қамтамасыз етілетіндей көрсетуін бағалаймыз.



«ҚазАгроҚаржы» АҚ

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі
5-бет

Біз басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға, тым болмағанда, аудиттің жоспарланған көлемі мен уақытын, сондай-ақ, біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері енетін аудиттің елеулі табуларын айтып білдіре отырамыз.

Біз, сонымен қатар, басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты сәйкес әдептілік талаптарын орындағанымыз туралы мәлімдеме береміз және барлық қарым-қатынастар мен біздің тәуелсіздігімізге ықпал етеді деп негізді түрде санауға болатын өзге мәселелер және де сәйкес жағдайларда соған қатысты қорғау шаралары туралы айтып білдіре отырамыз.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға айтып білдірген мәселелер арасынан біз ағымдағы кезеңнің қаржылық есептілігінің аудитінде ең маңызды болған және сәйкесінше негізгі аудит мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелер туралы ақпаратты көпшілікке ашып көрсету заңмен немесе нормативтік актілермен тыйым салынған немесе қандай да бір мәселенің біздің есебімізде хабарлануының жағымсыз салдарлары қоғамдық маңызды пайдадан асып түседі деп негізді түрде жорамалданғандықтан мұндай мәселе біздің есепте хабарланбауы тиіс деп анықтаған өте сирек жағдайлардан басқа кезде осы мәселелерді біздің аудиторлардың есебінде сипаттаймыз.

Аудиттің нәтижесі болып табылатын тәуелсіз аудиторлардың есебінің келісім партнері:



Урдабаева А. А.
Қазақстан Республикасының
сертификатталған аудитори
2012 жылдың 27 тамыз берілген
№ МФ-0000096 аудитордың біліктілік куәлігі

«КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызмет жүргізу үшін
2006 жылдың 6 желтоқсанында берген мемлекеттік лицензияның №0000021



Дементьев С. А.
«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде
әрекет ететін Бас директоры

2025 жылдың 17 сәуірі

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП**2024 жылғы 31 желтоқсанға**

(мың теңгемен)

	<i>Ескерт.</i>	<i>2024 жылдың 31 желтоқсаны</i>	<i>2023 жылдың 31 желтоқсаны</i>
Активтер			
Ақша қаражаттары және оның баламалары	6	53.631.090	43.800.988
Несие ұйымдарындағы қаражат	7	2.433.970	—
Клиенттерге несиелер	8	7.556.690	8.110.763
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	9	550.252.407	448.423.563
Қорлар		2.984.702	3.042.877
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер		134.115	134.115
Негізгі құралдар		861.659	872.477
Материалдық емес активтер		360.931	412.854
Қосылған құн салығы және өтеуге салынатын өзге де салықтар		10.804.325	10.493.470
Берілген алғытөлемдер	10	4.004.360	6.371.028
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны алдын ала төлеу	14	9.938.789	—
Қауымдастырылған компанияларға инвестициялар		—	434.037
Өзге активтер	19	1.284.167	1.207.279
Активтер жиыны		644.247.205	523.303.451
Міндеттемелер			
Акционер алдындағы берешек	11	12.949.396	17.640.752
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	12	13.367.595	12.423.531
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	13	16.183.877	34.080.723
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	14	343.171.310	210.268.288
Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек	15	1.127.246	5.209.262
Мемлекеттік субсидиялар	16	50.355.083	43.518.065
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	17	4.447.718	7.132.562
Алынған алғытөлемдер	18	5.131.334	5.013.679
Өзге міндеттемелер	19	4.849.512	2.447.689
Міндеттемелер жиыны		451.583.071	337.734.551
Капитал	20		
Жарғылық капитал		102.837.204	102.837.204
Қосымша төленген капитал		57.791.144	57.791.144
Резервтік капитал		1.436.184	1.436.184
Бөлінбеген пайда		30.599.602	23.504.368
Капитал жиыны		192.664.134	185.568.900
Міндеттемелер мен капиталдың жиынтығы		644.247.205	523.303.451
Бір қарапайым акцияның баланстық құны (теңгемен)	20	1.869,98	1.800,48

Компания басқармасының атынан шығарылымға қол қойылды және бекітілді:

Оразбаев Жанұзақ Жеңісұлы

Басқарма Төрағасының Орынбасары

Спивак Ольга Аркадьевна

Бас бухгалтер

«17» «сәуірі» 2025 жыл



МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша
(мың теңгемен)

	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Резервтік капитал	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2023 жылдың 1 қаңтарында					
Бір жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс	82.837.204	57.791.144	1.436.184	14.885.880	156.950.412
Жеке меншік үлес құралдарын (акцияларын) шығару	20.000.000	-	-	18.928.175	18.928.175
Жарияланған дивидендтер (20-ескертпе)	-	-	-	-	20.000.000
2023 жылдың 31 желтоқсанында	102.837.204	57.791.144	1.436.184	(10.309.687)	(10.309.687)
				23.504.368	185.568.900
Бір жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс	-	-	-	20.344.956	20.344.956
Жарияланған дивидендтер (20-ескертпе)	-	-	-	(13.249.722)	(13.249.722)
2024 жылдың 31 желтоқсанында	102.837.204	57.791.144	1.436.184	30.599.602	192.664.134

Компания басқармасының атынан шығарылымға қол қойылды және бекітілді:

Оразбаев Жанұзақ Жәнісұлы

Спивак Ольга Аркадьевна

«17» «сәуірі» 2025 жыл



Басқарма Төрағасының Орынбасары

Бас бухгалтер

2024 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША**ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп**

(Мың теңгемен)

	<i>Ескерт.</i>	<i>2024 жыл</i>	<i>2023 жыл</i>
Операциялық қызметтен түскен ақша ағымдары			
Алынған пайыз		78.944.054	66.391.186
Төленген пайыздар		(46.353.714)	(30.212.765)
Шетел валютасындағы операциялар бойынша өткізілген кірістер (шығыстар) шегеріле отырып		44.536	173.589
Қызметкерлерге төленген шығындар		(4.449.119)	(3.937.908)
Төленген басқа операциялық шығыстар		(1.620.115)	(1.450.136)
Алынған өзге де кірістер		317.674	170.152
Операциялық қызметтен операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі ақша ағындары		26.883.316	31.134.118
<i>Операциялық активтердің таза өзгеруі</i>			
Несие ұйымдарындағы қаражат		(2.371.587)	1.000
Клиенттерге несиелер		669.963	2.208.596
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек		(119.460.595)	(73.679.642)
Қосылған құн салығы және өтеуге салынатын өзге де салықтар		(1.749.194)	(3.129.099)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны алдын ала төлеу		(9.938.789)	—
Берілген алғытөлемдер		(29.434)	(6.209.990)
Өзге активтер		3.121.466	3.616.591
<i>Операциялық міндеттемелердің таза өзгертуі</i>			
Алынған алғытөлемдер		243.883	153.628
Мемлекеттік субсидиялар		18.542.000	—
Өзге міндеттемелер		2.196.718	(91.707)
Корпоративтік табыс салығына дейін операциялық қызметтегі ақшалай қаражатты таза жұмсау		(81.892.253)	(45.996.505)
Төленген корпоративтік табыс салығы		(961.592)	(453.911)
Операциялық қызметте ақшалай қаражатты таза жұмсау		(82.853.845)	(46.450.416)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағындары			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(169.661)	(141.876)
Негізгі құралдарды сатудан түсетін түсімдер		23.839	11.636
Инвестициялық қызметтегі ақшалай қаражатты таза жұмсау		(145.822)	(130.240)
Қаржы қызметінен түскен ақша ағымы			
Акционерден алынған қарыздарды өтеу	29	(4.933.964)	(4.802.194)
Кредиттік ұйымдардан қарыз алу	29	—	30.000.000
Кредиттік ұйымдардан алынған қарыздарды өтеу	29	(20.479.200)	(10.479.201)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша түсімдер	29	175.000.000	30.278.337
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша өтеулер	29	(43.933.000)	(28.952.250)
Жарғылық капиталды ұлғайтудан түсетін түсімдер		—	20.000.000
Акционерге төленген дивидендтер	29	(13.249.722)	(10.309.687)
Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза түсімі		92.404.114	25.735.005
Валюта бағамдарының өзгеруінің ақша қаражаттарына және олардың баламаларына әсері		426.393	(119.434)
Күтілетін кредиттік шығындардың өзгеруінің ақша қаражаттарына және олардың баламаларына әсері	22	(738)	2.050
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза артуы/(азаяуы)		9.830.102	(20.963.035)
Жыл басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	6	43.800.988	64.764.023
Жыл соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	6	53.631.090	43.800.988

Компания басқармасының атынан шығарылымға қол қойылды және бекітілді:

Оразбаев Жанұзақ Жеңісұлы

Спивак Ольга Аркадьевна

«17» «сәуірі» 2025 жыл



Басқарма Төрағасының Орынбасары

Бас бухгалтер

(мың теңгемен)

1. Қызмет сипаттамасы

«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Компания») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «ауыл шаруашылығының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 қарашадағы № 1777 қаулысымен құрылды. Компания Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген операцияларды жүргізуге 2006 жылғы 31 наурыздағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚРҰБ») берген № 16 лицензия негізінде қызметті жүзеге асырады. Сонымен қатар, Компания ҚРҰБ-тың 2006 жылғы 23 қыркүйектегі № 195 қаулысына сәйкес Қаржы агенттігі мәртебесіне ие.

Компанияның негізгі қызметі:

- агроөнеркәсіптік кешендегі лизингтік қызмет;
- агроөнеркәсіптік кешенге несие беру;
- агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бағытталған республикалық бюджеттік және өзге де бағдарламаларды іске асыруға қатысу.

Компанияның тіркелген кеңсесі мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Кенесары к-сі, 51-үй.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияның Қазақстан Республикасының аумағында 16 тіркелген филиалы бар.

2021 жылғы 18 наурызға дейін «ҚазАгро» «Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ компанияның 100% акциясын иеленді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 413 Жарлығымен бекітілген, 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» атты Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 52-тармағына сәйкес, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Бәйтерек» ҰБХ) АҚ) мен «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамын біріктіру арқылы бірыңғай даму институты құрылды. 2021 жылғы 18 наурызда компанияның 100% акциясы «Бәйтерек» ҰБХ) АҚ-ға берілді.

2022 жылғы 15 шілдеде «Бәйтерек» ҰБХ) АҚ Директорлар кеңесінің отырысында «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның 100% жай акцияларын құны бойынша «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның 147.470.014 мың теңге мөлшерінде «Аграрлық несие корпорация» АҚ-ның орналастырылатын қарапайым акцияларына ақы төлеуге беру туралы шешім қабылданды. 2022 жылғы 25 шілдеде компанияның 100% акциясы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ға берілді.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның жалғыз акционері болып «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы табылады (бұдан әрі – «Акционер»). Акционер «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының еншілес ұйымы болып табылады. Қоғамның түпкілікті меншік иесі – Қазақстан Республикасының Үкіметі.

Қазақстанда шаруашылық қызметті іске асыру шарттары

Компанияның қызметі негізінен Қазақстанда жүзеге асырылады. Тиісінше, Компанияның бизнесіне дамушы нарықтың ерекшеліктері тән Қазақстанның экономикасы мен қаржы нарықтары әсер етеді. Құқықтық, салық және әкімшілік жүйелер дамуын жалғастыруда, алайда олардың талаптарын түсіндірудің екіұштылық тәуекелімен ұштасады, олар өзге де заңдық және фискалдық кедергілермен бірге Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша проблемалар туғызады. Қазақстан теңгесінің құнсыздануы, әлемдік нарықтағы мұнай бағасының тұрақсыздығы, сондай-ақ Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы әскери қақтығыстың жалғасуы да шаруашылық қызметті жүргізу жағдайларындағы белгісіздіктің деңгейін арттырады.

Ұсынылған қаржылық есептілік Қазақстандағы бизнесті жүргізу жағдайларының Компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына қандай әсер тигізетіні туралы басшылықтың көзқарасын қамтып көрсетеді. Болашақ шаруашылықты жүргізу жағдайларының нақты әсері басшылықтың оларды бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Жалпы бөлім

Осы қаржылық есептілік халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын белгілеу жөніндегі кеңес шығарған ҚЕХС талаптарына (ҚЕХС қаржылық есептілік стандарттарына) сәйкес дайындалды.

Осы қаржылық есептілік нақты шығындар бойынша бағалау қағидатына сәйкес дайындалған.

(мың теңгемен)

2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі, жалғасы

Жалпы бөлім, жалғасы

Компанияның функционалдық валютасы қазақстандық теңге болып табылады, өйткені ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, оларға қатысы бар негізгі оқиғалар мен мән-жайлардың көпшілігінің экономикалық мәнін көрсетеді. Қазақстандық теңге осы қаржылық есептіліктің деректерін ұсыну валютасы болып табылады. Бір жай акцияның баланстық құнын есептеудегі деректерді қоспағанда немесе өзгеше көрсетілмесе, қаржылық есептілік мың қазақстандық теңгемен (бұдан әрі мәтін бойынша – «мың теңге») ұсынылған.

3. Есепке алу саясатының маңызды ережелері

Бұдан әрі сипатталған есеп саясатының ережелері осы қаржылық есептілікте ұсынылған барлық есепті кезеңдерде ретімен қолданды.

Әділ құнын бағалау

Әділ құн – бұл активті сатқаны үшін алынатын немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында әдеттегідей жасалған мәміле шеңберінде міндеттемені бергені үшін төленетін баға. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру туралы мәміле болып жатқанын көрсетеді:

- не осы активке немесе міндеттеме бойынша негізгі нарықта;
- не негізгі нарық болмаған жағдайда, осы активке немесе міндеттеме бойынша ең қолайлы нарықта жүзеге асырылады.

Компанияның негізгі немесе ең қолайлы нарыққа қол жеткізу мүмкіндігі болуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде пайдаланатын жорамалдарды пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өз мүддесі үшін әрекет етеді деп болжанады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының активті ең жақсы және тиімді түрде пайдаланудан немесе оны осы активті ең жақсы және тиімді түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сатудан экономикалық пайда алу мүмкіндігін ескереді.

Компания әділетті құнды бағалау үшін қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып саналатын және әділетті құнды бағалау үшін жеткілікті деректер бар әдістемелерді пайдаланады, бұл ретте қолжетімді және сәйкес келетін бақыланатын бастапқы деректерді барынша пайдалана отырып, бақыланбайтын деректерді қолдануды барынша азайтады.

Әділ құны қаржылық есептілікте бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер төменде сипатталған әділ құн көздерінің иерархиясы шеңберінде ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде жіктеледі, олар жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылады:

- 1-деңгей – Бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағалардың нарықтық бағалары (ешқандай-түзетулерсіз).
- 2-деңгей – Иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама түрде байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері.
- 3-деңгей – Иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта байқалмайтын болып талбылатын бағалау үлгілері.

Мерзімді негізде қаржылық есептілікте танылатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Компания әрбір есепті кезеңнің соңына жіктеуді (тұтастай алғанда әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде) қайта талдай отырып, иерархия көздерінің деңгейлері арасындағы аударым фактісін айқындайды.

Қаржылық активтер мен міндеттемелер

Бастапқы тану

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді стандартты шарттармен сатып алу немесе сату мәміле жасалған күні, яғни Компания активті немесе міндеттемені сатып алу бойынша міндеттеме алған күні көрсетіледі. Стандартты шарттарда сатып алуға немесе сатуға шарттар бойынша нарықта қабылданған ережелерде немесе келісімдерде белгіленген мерзім шегінде активтер мен міндеттемелерді жеткізу талап етілетін шарт шеңберінде қаржы активтері мен міндеттемелерін сатып алу немесе сату жатады.

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдарының жіктелуі келісімшарттық шарттарға және құралдарды басқару үшін қолданылатын бизнес-модельге байланысты. Қаржы құралдары бастапқыда әділ құн бойынша бағаланады, оның ішінде мәміле бойынша шығындар.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының маңызды ережелері, жалғасы

Қаржылық активтер мен міндеттемелер, жалғасы

Бастанқы бағалау

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді бағалау санаттары

Қоғам барлық қаржылық активтерін оларды басқару үшін қолданылатын бизнес-модельге және активтердің шарттық талаптарына сәйкес мынадай бағалау санаттары бойынша жіктейді:

- амортизацияланған құн;
- басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн (бұдан әрі мәтін бойынша – «ӨЖКӨҚ »);
- пайда немесе залал арқылы әділ құн (бұдан әрі мәтін бойынша – «ПЗӨҚ»).

Компания ПЗӨҚ бойынша саудаға арналған туынды құралдар мен құралдарды жіктейді және бағалайды. Егер мұндай жіктеу бағалау немесе тану қағидаттарын қолданудың сәйкессіздігін жоюға немесе айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берсе, Компания өз қалауы бойынша қаржы құралдарын ПЗӨҚ бойынша бағаланатын деп жіктей алады.

Қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құн бойынша немесе егер олар саудаға және туынды құралдарға арналған болса немесе ұйымның қалауы бойынша әділ құн бойынша бағаланатын болып жіктелсе, ПЗӨҚ бойынша бағаланады.

Кредиттік ұйымдардағы қаражат, клиенттерге кредиттер, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар

Компания кредиттік ұйымдардағы қаражаттарды, клиенттерге берілген қарыздарды және өзге де қаржылық инвестицияларды амортизацияланған құн бойынша бағалайды, тек келесі екі шарт бір уақытта орындалған жағдайда ғана:

- қаржы активі мақсаты шартта ескерілген ақша ағындарын алу үшін қаржы активтерін ұстап қалу болып табылатын бизнес-үлгі шеңберінде ұсталады;
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндері қарыздың негізгі сомасы мен қарыздың негізгі сомасының (SPPI) өтелмеген бөлігіне пайыздар есебіне тек қана төлемдер болып табылатын ақша ағындарын алуды шарттайды.

Бұл шарттар төменде толығырақ қарастырылады.

Бизнес-модельді бағалау

Компания белгілі бір бизнес мақсатына жету үшін топтарға біріктірілген қаржылық активтерді басқару қалай жүзеге асырылатынын жақсы көрсететін деңгейде бизнес-модельін анықтайды.

Компанияның бизнес-моделі жеке құралдар деңгейінде емес, портфельді біріктірудің жоғары деңгейінде бағаланады және бақыланатын факторларға негізделген, мысалы:

- Осы портфель үшін белгіленген саясат пен мақсаттар, сондай-ақ аталған саясаттарды тәжірибеде іске асыру. Бұл басшылықтың шартта қарастырылған пайыздық кірісті алу стратегиясын, пайыздық мөлшерлеменің белгілі бір құрылымын қолдауды, қаржылық активті өтеу мерзімінің осы активтерді қаржыландыру үшін пайдаланылатын қаржылық міндеттемелерді өтеу мерзіміне сәйкес келуін немесе ақшалай қаражаттың күтілетін жылыстауы немесе активтерді сату арқылы ақша ағымын іске асыруды қамтиды.
- бизнес-модельдің өнімділігі мен осы бизнес-модельде ұсталатын қаржылық активтердің кірістілігі қалай бағаланады және бұл ақпарат Ұйымның негізгі басқару қызметкерлер құрамына қалай жеткізіледі;
- бизнес-модельдің нәтижелілігіне әсер ететін тәуекелдер (және осы бизнес-модельде ұсталатын қаржылық активтердің кірістілігі) және, атап айтқанда, осы тәуекелдерді басқару тәсілі;
- бизнесті басқаратын менеджерлер қалай марапатталады (мысалы, сыйақы басқарылатын активтердің әділ құнына немесе шартта көзделген алынған ақша ағындарына негізделген бе);
- күтілетін жиілік, көлем және сату уақыты да компанияның бизнес-модельін бағалаудың маңызды аспектілері болып табылады.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының маңызды ережелері, жалғасы

Қаржылық активтер мен міндеттемелер, жалғасы

Бизнес-модельді бағалау, жалғасы

Бизнес-модельді бағалау негізделген болжамды сценарийлерге сүйене отырып жүргізіледі, бұл ретте «ең нашар» немесе «стрестік» сценарийлер ескерілмейді. Егер бастапқы мойындаудан кейінгі ақша ағындары Қоғамның күткенінен өзгеше түрде жүзеге асырылса, Қоғам осы бизнес-модель аясында ұсталып отырған қалған қаржылық активтердің жіктелуін өзгертпейді, бірақ мұндай ақпаратты жаңадан құрылған немесе жаңадан сатып алынған қаржылық активтерді бағалау кезінде ескереді.

«Негізгі қарыз сомасы мен оның өтелмеген бөлігі бойынша сыйақыны төлеу ғана» тесті (SPPI тесті)

Жіктеу үдерісінің екінші кезеңі шеңберінде Қоғам қаржылық активтің шарттық талаптарын бағалай отырып, келісімшартта көзделген ақша ағындарының тек негізгі қарыз сомасын және оның өтелмеген бөлігіне есептелген сыйақыны төлеумен шектелетінін (SPPI тесті) айқындайды.

Осы тест мақсатында «негізгі қарыз сомасы» қаржылық активтің бастапқы мойындалу кезіндегі әділетті құнын білдіреді және бұл сома активтің қолданылу мерзімі ішінде өзгеруі мүмкін (мысалы, негізгі борышты өтеу немесе сыйақы/жеңілдік амортизациясы жағдайларында).

Несие шарты аясында сыйақының ең маңызды құрамдас бөліктеріне, әдетте, ақшаның уақытша құны үшін өтемақы мен кредиттік тәуекел үшін өтемақы жатады. SPPI тестін жүргізу үшін Қоғам кәсіби пайымын қолданады және мынадай маңызды факторларды талдайды: мысалы, қаржылық актив қандай валютада көрсетілген және сыйақы мөлшерлемесі қандай мерзімге белгіленген.

Сонымен қатар, егер шарттық талаптар келісімшартта көзделген ақша ағындарының базалық несие келісіміне қатысы жоқ тәуекелдерге немесе құбылмалылыққа елеусіз емес әсер етсе, мұндай шарттар негізінде тек негізгі қарыз сомасын және оның өтелмеген бөлігіне сыйақыны төлеуді көздейтін ақша ағындары туындайды деп есептелмейді. Мұндай жағдайларда қаржылық активті ПЗӘҚ бойынша бағалау қажет.

Мерзімнен бұрын өтеген кезде төленген сома мәнісі бойынша негізгі соманың өтелмеген бөлігі және өтелмеген бөліктің пайызы болып табылса және оған шарттың қызмет етуін мерзімнен бұрын тоқтатқаны үшін ақылға сыйымды қосымша өтемақы кірген жағдайда, мерзімнен бұрын өтеу туралы шарты SPPI өлшемшартына сәйкес келеді. Бұдан бөлек, егер қаржылық активті сыйлықақымен немесе шартта көрсетілген номинал сомасына қатысты дисконтпен сатып алынған немесе жасалған жағдайда ғана, мерзімнен бұрын өтеу туралы шарт осы өлшемшартқа сәйкес келеді деп қарастырылады, мерзімнен бұрын өтеген кезде төленуге тиіс сома мәнісі бойынша, шартта көрсетілген номиналдық сома болып табылады, оған шартта қарастырылған есептелген (бірақ төленбеген) пайыз (оған сондай-ақ шарттың қызмет етуін мерзімінен бұрын тоқтату үшін қисынды қосымша өтемақы да қосылуы мүмкін) қосылады; және қаржылық активті бастапқы таныған кезде оны мерзімнен бұрын өтеу туралы оның шартының әділ құны болмашы.

ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар

Компания борыштық құралдарды ӨЖКӘҚ бойынша мына екі шарт орындалған кезде бағалайды:

- құрал шартта қарастырылған ақша ағымын алу, сондай-ақ қаржылық активті сату арқылы мақсатқа қол жеткізілетін бизнес-модель аясында актив ұсталып қалады; және
- қаржылық активтің шарттық талаптары SPPI тестінің талаптарына сай келеді.

ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар кейін әділетті құн бойынша бағаланады, ал әділетті құнның өзгеруінен туындайтын табыс немесе залал өзге жиынтық кіріс (ӨЖК) құрамында танылады. Сыйақы түріндегі кірістер мен валюта бағамдарының өзгеруінен болған табыс немесе залал амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтердегідей табыс немесе залал ретінде танылады. Қаржылық активтің танылуы тоқтатылған кезде ӨЖК құрамында бұрын танылған жинақталған табыс немесе залал ӨЖК-ден қайта жіктеліп, табыс немесе залал құрамында көрсетіледі.

ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша күтілетін кредиттік залалдар (бұдан әрі – ККЗ) бұл қаржылық активтердің қаржылық жағдай туралы есептегі баланстық құнын азайтпайды, себебі олар әділетті құн бойынша бағалауды жалғастырады. Оның орнына активті амортизацияланған құн бойынша бағалау кезінде жасалатын күтілетін залалдарға арналған бағалау резервіне тең сома ӨЖК құрамында пайда немесе залал құрамындағы тиісті сомаларды тани отырып, құнсыздандудың жинақталған сомасы ретінде танылады. ӨЖК құрамында танылған жинақталған залал сомасы активтің танылуы тоқтатылған кезде табыс немесе залал құрамына қайта жіктеледі.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының маңызды ережелері, жалғасы

Қаржылық активтер мен міндеттемелер, жалғасы

Бизнес-модельді бағалау, жалғасы

ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар, жалғасы

Кейде компания үлестік құралдарға салынған кейбір инвестицияларды бастапқыда мойындаған кезде, оны кейіннен жою құқығынсыз, егер олар «Қаржылық құралдар: ұсынылуы» 32 ҚЕХС (IAS) сәйкес үлестік құралдың анықтамасына жауап берсе және сауда-саттыққа арналмаған болса, оларды ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар ретінде жіктеу туралы шешім қабылдайды. Мұндай жіктеу туралы шешім әр құрал бойынша жеке қабылданады.

Мұндай үлестік құралдар бойынша пайда мен залал ешқашан пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелмейді. Дивидендтер дивидендтер алу құқығы белгіленген кезде, Компания мұндай түсімдерден осындай құралдың бастапқы құнының бір бөлігін өтеу ретінде пайда алатын жағдайларды қоспағанда, басқа табыс ретінде пайда немесе залал ретінде танылады. Мұндай жағдайда пайда ӨЖК құрамында танылады. ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар құнсыздану мәніне бағалауға жатпайды. Мұндай құралдар шыққан кезде қайта бағалау бойынша жинақталған резерв бөлінбеген пайда құрамына көшіріледі.

Қаржылық кепілдіктер және несие беру бойынша міндеттемелер

Компания несие беру бойынша қаржылық кепілдіктер мен міндеттемелер шығарады.

Қаржылық кепілдіктер бастапқыда алынған сыйлықақы сомасында әділ құн бойынша қаржылық есептілікте танылады.

Бастапқы танудан кейін Компания өзінің міндеттемесін бастапқыда танылған соманың ең үлкен мөлшері бойынша, пайда немесе залал туралы есепте танылған жинақталған амортизацияны және басқа жиынтық кірісті шегергенде және ККЗ бойынша бағалау резервін бағалайды.

Кредиттер беру жөніндегі міндеттемелер шарттық міндеттемелер болып табылады, олардың талаптары бойынша Компания міндеттеменің қолданылу мерзімі ішінде Клиентке алдын ала келісілген шарттармен кредит беруге міндетті.

Компания кейде нарықтан төмен пайыздық мөлшерлеменесіне несие беру міндеттемелерін шығарады. Мұндай міндеттемелер бастапқыда әділ құн бойынша танылады және кейіннен ККЗ астындағы бағалау резерві сомасының ең үлкен шамасы және бастапқыда танылған сома, қажет болған жағдайда, табыстың танылған жинақталған сомасы шегеріле отырып бағаланады.

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді қайта жіктеу

Компания қаржылық активтерді басқарудың бизнес-моделін өзгерткен ерекше жағдайларды қоспағанда, қаржылық активтер бастапқы танылғаннан кейін қайта жіктелмейді. Қаржылық міндеттемелер ешқашан қайта жіктелмейді. 2024 жылы және 2023 жылы Компания қаржылық активтер мен міндеттемелерді қайта жіктемеді.

Қарыз қаражаты

Шығарылған қаржы құралдары немесе олардың құрамдас бөліктері, егер келісімшарттық келісім нәтижесінде Компания ақша қаражатын немесе басқа қаржылық активтерді жеткізуге немесе міндеттемені белгіленген ақша қаражатын немесе басқа қаржы активтерін меншікті үлестік құралдардың белгіленген санына айырбастау жолымен басқаша орындауға міндеттеме алса, міндеттемелер ретінде жіктеледі. Бастапқы танудан кейін қарыз қаражаты тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Кірістер мен шығыстар міндеттемелерді тану тоқтатылған кезде пайда немесе залал құрамында, сондай-ақ амортизация үдерісінде көрсетіледі.

Компания өзінің берешегін сатып алған жағдайда, соңғысы қаржылық жағдай туралы есептен шығарылады, ал міндеттеменің баланстық құны мен төленген қаражат сомасы арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Компания мүмкіндігінше кепілге өндіріп алудың орнына несиелер бойынша шарттарды қайта қарауға, мысалы, төлемдердің шарттық мерзімдерін ұзартуға және несиелеудің жаңа шарттарын келісуге тырысады.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының маңызды ережелері, жалғасы

Қаржылық активтер мен міндеттемелер, жалғасы

Несилерді қайта құрылымдау

Компания, мысалы, клиентке берілген несие сияқты қаржылық активті, егер шарт талаптары қайта қаралып, нәтижесінде ол мәні жағынан жаңа несие болып табылатын болса, мойындауды тоқтатады, ал айырма құнсызданудан танылған залалды ескере отырып, танылуды тоқтату нәтижесіндегі табыс немесе залал ретінде танылады. Бастапқы тану кезінде құрылған кредит сатып алынған не құрылған кредиттік-құнсызданған актив (бұдан әрі мәтін бойынша – «СКҚК») деп есептелетін жағдайларды қоспағанда, кредиттер ККЗ-ны бағалау мақсаттары үшін 1-кезеңге жатады. Клиентке несиені тануды тоқтату керек пе, жоқ па, соны бағалау кезінде Компания басқа факторлармен қатар келесі факторларды қарастырады:

- несие валютасының өзгеруі;
- контрагентті өзгерту;
- түрлендіру құрал енді *spri* тестінің өлшемшарттарына сәйкес келмейтініне әкеледі ме.

Егер Түрлендіру ақша ағындарының айтарлықтай өзгеруіне әкелмесе, түрлендіру тануды тоқтатпайды. Бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде Компания құнсызданудан болған шығын танылғанға дейін пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есепте ұсынылатын түрлендіруден түскен пайданы немесе шығынды таниды.

Бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде Компания құнсызданудан болған шығын танылғанға дейін пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есепте ұсынылатын түрлендіруден түскен пайданы немесе шығынды таниды. Активті түрлендіру нәтижесінде кредиттік құнсызданған ретінде жіктегеннен кейін ол кем дегенде 6 айлық сынақ кезеңінде 3-кезеңнің құрамында қалады. 3-Кезеңнен қайта құрылымдалған несиені шығару үшін түрлендірілген төлем кестесіне сәйкес сынақ мерзімінің кемінде жартысы ішінде негізгі қарыз сомасы немесе сыйақы бойынша елеулі мөлшердегі тұрақты төлемдер талап етіледі.

Қаржылық міндеттемелер шарттарын түрлендіру

Түрлендірілген міндеттеме бойынша ақша қаражаттары ағымының шамасы айтарлықтай өзгерген кезде Компания қаржылық міндеттемені тануды тоқтатады. Бұл жағдайда шарттары түрлендірілген жаңа қаржылық міндеттеме әділ құн бойынша танылады. Бұрынғы қаржылық міндеттеме мен шарттары түрлендірілген жаңа қаржылық міндеттеменің баланстық құны арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады.

Егер шарттарды түрлендіру (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) қаржылық міндеттемені тануды тоқтатуға алып келмесе, Компания шарттарын түрлендіру қаржылық активті тануды тоқтатуға алып келмейтін жағдайда қаржылық активтің жалпы баланстық құнын түзетуге қатысты тәсілмен келісетін есептік саясатын пайдаланады – яғни Компания осындай түрлендіру (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) нәтижесінде туындайтын қаржылық міндеттеменің амортизациялық құнын кез келген түзетуді шарттарын түрлендіру (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) күні пайда немесе залал құрамында таниды.

Қолда бар қаржылық міндеттемелер бойынша ақша қаражаты ағындарының шамасының өзгеруі, егер олар шарттың ағымдағы талаптарының салдары болып табылса, талаптарды түрлендіру болып есептелмейді.

Компания сапалық факторларды, сандық факторларды және сапалық пен сандық факторлардың жиынтықты нәтижесін талдай отырып, шарттарды түрлендірудің маңыздылығы пәніне сапалық және сандық факторлардың бағалауын жүргізеді. Компания келесі сапалық факторлар негізінде түрлендіру елеулі болып табылады деген қорытындыға келеді:

- қаржылық міндеттеменің валютасын өзгерту;
- қамтамасыз ету түрін немесе міндеттеменің сапасын арттырудың басқа құралдарын өзгерту;
- ақша айырбастау талаптарын қосу;
- қаржылық міндеттеменің субординациясын өзгерту.

Жаңа шарттарға сәйкес ақша қаражаты ағымдарының келтірілген құны, соның ішінде бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған алынған комиссиялық сыйақыны шегергенде комиссиялық сыйақы төлемі бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша ақша қаражатының қалған ағымының дисконтталған келтірілген құнынан кем дегенде, 10%-ға өзгешелетін болса, сандық бағалауды жүргізу үшін шарттар айтарлықтай ерекшеленеді деп есептеледі. Егер бір борыштық құралын басқа құралға ауыстыру немесе оның шартын түрлендіру есепте өтелу ретінде көрсетілетін болса, онда жұмсалған шығындар немесе комиссиялар тиісті борыштық міндеттемені өтеуден болған пайданың немесе залалдың бір бөлігі ретінде танылады. Егер бір борыштық бағалы қағазын басқа қағазға ауыстыру немесе оның шартын түрлендіру есепте өтеу ретінде көрсетілмесе, онда тиісті міндеттеменің баланстық құны жұмсалған шығын немесе комиссия сомасына түзетіледі және осы түзету түрлендірілген міндеттеменің қалған қызмет ету мерзімі ішінде амортизацияланады.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының маңызды ережелері, жалғасы

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді тануды тоқтату

Қаржылық активтер

Қаржы активі (немесе қолданылатын жерде – қаржы активінің бір бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігі) қаржылық жағдай туралы есепте тануды тоқтатады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының мерзімі өтіп кеткен;
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын берді немесе алынған ақша ағындарын «транзиттік» келісім шарттарында үшінші тарапқа айтарлықтай кідіріссіз толығымен аудару міндеттемесін қабылдады; және
- Компания не (а) активтің барлық тәуекелдері мен пайдасын берді, не (б) Бермеген, бірақ активтің барлық тәуекелдері мен пайдасын сақтамайды, бірақ осы активке бақылауды тапсырды.

Егер Компания активтен ақша ағындарын алуға өз құқығын берген жағдайда, бұл ретте онымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде беру де, сақтап қалу да, сондай-ақ активке бақылауды бермей-ақ, мұндай актив компанияның осы активке жалғасып жатқан қатысуы шегінде есепке алуда көрсетіледі. Берілген актив бойынша кепілдік нысаны бар активке қатысуды жалғастыру активтің бастапқы баланстық құнының ең аз мәндері және Компанияның төлеміне ұсынылуы мүмкін өтемнің ең жоғары мөлшері бойынша бағаланады.

Есептен шығару

Қаржылық активтер компания олардың құнын қайтаруды күтпеген кезде ғана ішінара немесе толығымен есептен шығарылады. Егер есептен шығаруға жататын сома құнсыздануға арналған жинақталған резервтің шамасынан жоғары болса, онда айырмашылық алдымен резервтің ұлғаюы ретінде ескеріледі, содан кейін ол жалпы баланстық құнға қолданылады. Кез келген кейінгі қалпына келтіру кредиттік шығындар бойынша шығындарға жатады. Есептен шығару тануды тоқтатуды білдіреді.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемені есептен шығару тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда жүзеге асырылады.

Қолданыстағы бір қаржылық міндеттемені сол кредитор алдындағы басқа міндеттеменен, айтарлықтай өзгеше шарттармен ауыстырған кезде немесе қолданыстағы міндеттеменің шарттарына елеулі өзгерістер енгізілген жағдайда бастапқы міндеттеме есептен алынады, ал жаңа міндеттеме пайда немесе залал құрамындағы міндеттемелердің баланстық құнындағы айырманы тани отырып, есепте көрсетіледі.

Мемлекеттік субсидиялар

Егер субсидия алынатынына және Компания осындай субсидия берудің барлық шарттарын орындайтынына жеткілікті сенімділік болса, мемлекет беретін субсидиялар әділ құн бойынша танылады. Мемлекеттік субсидия мемлекеттен компанияның операциялық қызметіне байланысты өткен немесе болашақта белгілі бір шарттарды сақтау жөніндегі Компанияның міндеттемелерінсіз үшінші тараптарға одан әрі беруге арналған ресурстарды алу болып табылмайды.

Мемлекеттік субсидия, сондай-ақ нарықтық мөлшерлемелерден төмен мемлекеттік қарыздарды алудан түсетін пайда нысанын қабылдауы мүмкін. Мұндай қарыздар «Қаржы құралдары» 9 ҚЕХС сәйкес танылады және бағаланады. Пайда сомасы қарыздың бастапқыда танылған әділ құны мен сол қарыздан түскен ақшалай түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде анықталады.

Мемлекет нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша қарыз бере отырып, акционер рөлін атқаратын жағдайларда, мемлекеттік қарыздарды нарықтық мөлшерлемелер бойынша алудан түсетін пайда сомасы акционердің салымы ретінде есепке алынады.

Мемлекеттік субсидиялар жүйелі түрде оларды өтеуге арналған тиісті шығындармен байланыстыру үшін қажет болған кезеңдер ішінде кіріс ретінде танылады.

Қаржылық жалдау мәмілелерін қаржыландыруға бағытталатын қаражатты алған кезде мемлекеттік субсидия жүйелі негізде табыс ретінде танылады және нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыз бойынша нарықтық мөлшерлеме бойынша есептелген сыйақының теріс әсерін өтейді. Пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есепте мұндай мемлекеттік субсидиялар бойынша кірістер тиісті пайыздық шығыстарды азайтады.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының маңызды ережелері, жалғасы

Жалгерлік

Пайдалану құқығы нысанындағы актив

Компания активтерді жалдау басталған күнге пайдалану құқығы түрінде таниды (яғни базалық актив пайдалануға қол жетімді болатын күн). Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзетумен жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған шығындарды шегергенде бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтің бастапқы құнына жалдау бойынша танылған міндеттемелердің шамасы, жалдау басталған күні немесе осындай күнге дейін жүргізілген бастапқы тікелей шығындар мен жалдау төлемдері, алынған жалдау бойынша ынталандыру төлемдерін шегергенде жатады. Егер компания жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активке меншік құқығын алатындығына жеткілікті сенімділікке ие болмаса, танылған пайдалану құқығы түріндегі актив келесі кезеңдердің қысқа мерзімінде сызықтық әдіспен амортизацияланады: активтің болжамды пайдалану мерзімі немесе жалдау мерзімі. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер құнсыздану мәніне тексеріледі.

Жалдау бойынша міндеттемелер

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде компания 1.233.874 мың теңге мөлшерінде лизинг заттарын алып қойды (2023 жылы: 1.293.857 мың теңге).

Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің шоғырлануы

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша он ірі тәуелсіз тарапқа компания берген қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің шоғырлануы 26.641.313 мың теңгені немесе қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің жиынтық сомасының 4,36% құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 26.334.604 мың теңге немесе 5,44%). 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компания таныған осы дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік шығындар резерві 4.347.488 мың теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 3.799.235 мың теңге).

10. Берілген алғытөлемдер

2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Берілген алғытөлемдер келесі позицияларды қамтиды:

	<i>2024 жылдың 31 желтоқсаны</i>	<i>2023 жылдың 31 желтоқсаны</i>
Ауыл шаруашылығы техникасы үшін берілген алғытөлемдер	4.004.431	6.371.174
Жабдық үшін берілген алғытөлемдер	10.770	10.770
Берілген басқа алғытөлемдер	442	367
	4.015.643	6.382.311
Құнсыздануға арналған резерв (22-Ескертпе)	(11.283)	(11.283)
Берілген алғытөлемдер	4.004.360	6.371.028

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша алғытөлемдер ауылшаруашылық техникасын, жабдықтарын және ірі қара малын кейіннен қаржылық жалға беру үшін алдын ала төлемді білдіреді.

11. Акционер алдындағы берешек

2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша акционер алдындағы қарызға мыналар кіреді:

	<i>Шарт</i>	<i>Валюта</i>	<i>Өтеу мерзімі</i>	<i>2024 жылдың 31 желтоқсаны</i>	<i>2023 жылдың 31 желтоқсаны</i>
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ	16.07.2021 №20-076451-01-КЛ/2	Теңге	2026	3.294.418	4.937.227
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ	қарыз шарты				
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ	03.10.2022 №1669-ЦА-АБ/1	Теңге	2032	4.002.056	4.483.395
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ	қарыз шарты				
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ	10.12.2019 жылғы №1595-ЦА-АБ/2 қарыз шарты	Теңге	2029	3.680.083	4.340.168
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ	28.12.2018 №1669-ЦА-АТ/1	Теңге	2025	1.972.839	3.879.962
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ	қарыз шарты				
Акционер алдындағы берешек				12.949.396	17.640.752

2018 жылғы 27 желтоқсанда компания мен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арасында жеті жыл мерзімге жалпы сомасы 15.000.000 мың теңге және жылдық 5,0% номиналды сыйақы мөлшерлемесі бар №1564-ЦА-АТ қаражатын алуға кредиттік желі ашу туралы негіздемелік келісім жасалды, оның шеңберінде Компания 13.000.000 мың теңге алды. Бастапқы тану кезінде алынған қаражаттың әділ құны жылдық 8,32% нарықтық сыйақы мөлшерлемесін пайдалана отырып, шарттарға сәйкес алынған қаражат бойынша болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы есептелді. Осы берешектің баланстық құны 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1.972.839 мың теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 3.879.962 мың теңге).

(мың теңгемен)

11. Акционер алдындағы берешек, жалғасы

2019 жылғы 28 қарашада компания мен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арасында жеті жыл мерзімге жалпы сомасы 15.000.000 мың теңге және жылдық 5,0% номиналды пайыздық мөлшерлеменен №1595-ЦА-АБ қаражатын алуға кредиттік желі ашу туралы негіздемелік келісім жасалды, оның шеңберінде Компания 8.225.000 мың теңге алды. Бастапқы тану кезінде алынған қаражаттың әділ құны жылдық 9,58% нарықтық сыйақы мөлшерлемесін пайдалана отырып, шарттарға сәйкес алынған қаражат бойынша болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы есептелді. Осы берешектің баланстық құны 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 3.680.083 мың теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 4.340.168 мың теңге).

2022 жылғы 3 қазанда Қоғам Акционермен он жыл мерзімге және жылдық 13,0% номиналдық сыйақы мөлшерлемесімен №1669-ЦА-АБ/1 ЖҚШ-ға №1 қосымша келісім жасасты, оның шеңберінде Қоғам 5.000.000 мың теңге көлемінде қаражат алды. Бастапқы тану кезінде алынған қаражаттың әділ құны жылдық 14,97% нарықтық сыйақы мөлшерлемесін пайдалана отырып, шарттарға сәйкес алынған қаражат бойынша болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы есептелді. Осы берешектің баланстық құны 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 4.002.056 мың теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 4.483.395 мың теңге).

2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания акционермен шарттар бойынша шектеулі қаржылық талаптарды орындау жөніндегі талаптарды сақтайды. Акционер алдындағы берешек кепілді мүлікпен қамтамасыз етілмеген.

12. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек мыналарды қамтиды:

	<i>Шарт</i>	<i>Валюта</i>	<i>Өтеу мерзімі</i>	<i>2024 жылдың 31 желтоқсаны</i>	<i>2023 жылдың 31 желтоқсаны</i>
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	№ 25 қарыз шарты	Теңге	2041	13.367.595	12.423.531
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек				13.367.595	12.423.531

«ҚазАгро» «Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ бұрын берген компанияның Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан бұрын жасалған шарттар бойынша берешек сомаларын біріктіру жолымен Қарыз алу құрылымын оңтайландыру шеңберінде 2021 жылғы 16 маусымдағы №25 қарыз шартына қол қойылды. Қарыздың жалпы сомасы – 50.000.000 мың теңге, қарыз мерзімі – 2041 жылғы 10 ақпанға дейін, номиналдық сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 1,02%, дисконттау мөлшерлемесі – жылдық 11,98%. Қарыздың нысаналы мақсаты – агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне қаржы лизингіне одан әрі беру үшін отандық өндірістің ауыл шаруашылығы техникасын және/немесе құрастыруды, оның ішінде өздігінен жүретін, тіркемелі және аспалы техниканы, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін, оларды қайта өңдеу өнімдерін және Биологиялық активтерді тасымалдау жөніндегі отандық өндірістің және/немесе құрастырудың Көлік құралдарын сатып алу.

2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-мен шарттар бойынша шектеулі қаржылық талаптарды орындау жөніндегі талаптарды сақтайды. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек кепіл мүлікпен қамтамасыз етілмеген.

13. Кредиттік ұйымдардың қаражаты

2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік ұйымдардың қаражатына мыналар кіреді:

	<i>Валюта</i>	<i>Өтеу мерзімі</i>	<i>2024 жылдың 31 желтоқсаны</i>	<i>2023 жылдың 31 желтоқсаны</i>
«Халық Банкі» АҚ	Теңге	2025 жыл	6.548.053	27.549.404
«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ	Теңге	2037-2038 жылдар	9.635.824	6.531.319
Кредиттік ұйымдардың қаражаты			16.183.877	34.080.723

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі №604 қаулысына сәйкес белгіленген тәртіппен және шарттармен, өңдеуші өнеркәсіп пен агроөнеркәсіптік секторда қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған жобаларды қаржыландыру шеңберінде «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен келесі келісімдерге қол қойылды.

2022 жылғы 13 тамызда №5-ДЗ Қарыз шартына қол қойылды. Қарыздың жалпы сомасы – 30.000.000 мың теңге, қарыз мерзімі – 2042 жылғы 7 тамызға дейін, номиналдық сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 0,35%, ал қарызды бастапқы мойындау кезінде әділетті құнын есептеу үшін қолданылған нарықтық мөлшерлемелер жылдық 13,8%-дан 14,19%-ға дейінгі аралықта болды.

*(мың теңгемен)***13. Кредиттік ұйымдардың қаражаты, жалғасы**

2021 жылғы 2 қыркүйектегі №604 Үкімет қаулысына өзгерістер енгізілуіне байланысты, 2024 жылғы қаңтарда Қоғам «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен 2022 жылғы 13 тамыздағы №5-ДЗ шартқа қосымша келісім жасасып, қарыз шартының қолданылу мерзімін 2042 жылдан 2038 жылға дейін қысқартты. Шарт талаптарының айтарлықтай өзгеруіне байланысты Компания ескі қарызды тануды тоқтатты және әділ құн бойынша жаңа қаржылық міндеттемені мойындады. Бастапқы тану кезінде қарыздың әділ құнын есептеу үшін нарықтық мөлшерлеме жылдық 14,55% құрады. Дисконт мөлшерін төмендету және нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша қарыз алудан түсетін пайда 2.074.623 мың теңгені құрады және бұрын танылған мемлекеттік субсидияны түзетуге енгізілді (16-Ескертпе).

2023 жылғы 1 қарашада «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен №9-ЖҚ қарыз шартына қол қойылды. Қарыздың жалпы сомасы – 20.000.000 мың теңге, қарыз мерзімі – 2038 жылғы 25 қазанға дейін, номиналдық сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 0,35%, ал бастапқы мойындау кезінде әділетті құнын есептеу үшін қолданылған нарықтық мөлшерлеме – жылдық 14,25% болды. Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша қарыз алу нәтижесінде алынған пайда мемлекеттік субсидия ретінде танылды және қарыз мойындалған күні 16.846.775 мың теңгені құрады (Қосымша 16).

Қарыздардың нысаналы мақсаты – отандық өндірістегі өзі жүретін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды қаржыландыру және оны кейін қаржылық лизингке беру.

Компания «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ қарыздарын бастапқы тану күндеріне нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді айқындау үшін мынадай жорамалдарды пайдаланды:

- Тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемелер Қазақстан Республикасы Қаржы министрі шығарған ұзақ мерзімді облигациялардың кірістілігінің негізінде анықталды;
- компанияның кредиттік тәуекел сыйлықақысы.

Шектеулі Қаржылық шарттар

Кредиттік ұйымдардың қарыз шарттарының талаптарына сәйкес компания дауыс беретін акцияларының жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде Ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдар үшін ҚРҰБ белгілеген пруденциалдық нормативтерді қоса алғанда, белгілі бір қаржылық коэффициенттерді сақтауға міндетті. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компания кредиторлармен шарттар бойынша шектеулі қаржылық талаптарды орындау жөніндегі талаптарды сақтайды.

(мың теңгемен)

14. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған борыштық бағалы қағаздар келесі позицияларды қамтиды:

	<i>Өтеу күні</i>	<i>Мөлшерleme, %</i>	<i>Валюта</i>	<i>2024 жылдың 31 желтоқсаны</i>	<i>2023 жылдың 31 желтоқсаны</i>
Купондық облигациялар шығару	22 шілде 2031 жыл	15,75	Теңге	99.971.539	–
Купондық облигациялар шығару	28 шілде 2029 жыл	16,85	Теңге	52.635.248	52.514.871
Купондық облигациялар шығару	23 мамыр 2029 жыл	13,96	Теңге	50.420.528	–
Купондық облигациялар шығару	20 тамыз 2028 жылы	11,9	Теңге	41.618.434	41.594.821
Купондық облигациялар шығару	21 желтоқсан 2031 жыл	11,5	Теңге	25.079.216	25.079.159
Үшінші облигациялық бағдарлама шеңберіндегі екінші шығарылым	12 шілде 2030 жыл	19,25	Теңге	21.755.843	21.774.763
Купондық облигациялар шығару	30 қаңтар 2028 жыл	15,75	Теңге	15.987.857	–
Купондық облигациялар шығару	30 сәуір 2025 жыл	13,0	Теңге	14.911.594	15.550.084
Купондық облигациялар шығару	30 қаңтар 2028 жыл	15,75	Теңге	10.658.571	–
Купондық облигациялар шығару	30 сәуір 2025 жыл	14,5	Теңге	10.132.480	10.131.260
Екінші облигациялық бағдарлама шегіндегі төртінші шығарылым	24 желтоқсан 2024 жыл	12,0	Теңге	–	19.868.067
Екінші облигациялық бағдарлама шеңберіндегі үшінші шығарылым	24 желтоқсан 2024 жыл	12,0	Теңге	–	19.789.366
Купондық облигациялардың бірінші шығарылымы	12 маусым 2024 жыл	8,5	Теңге	–	3.965.897
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар				343.171.310	210.268.288

2024 жылғы 30 қаңтарда Компания өтеу мерзімі 2028 жылғы 30 қаңтарға дейін номиналды құны 15.000.000 мың теңге KZ2C00010841 (KAFIpp4) купондық облигацияларын шығарды. Борыштық бағалы қағаздар одан әрі лизингке беру үшін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды қаржыландыру үшін шығарылды.

2024 жылғы 30 қаңтарда Компания өтеу мерзімі 2028 жылғы 30 қаңтарға дейін номиналды құны 10.000.000 мың теңге kz2c00010908 (KAFIpp5) купондық облигацияларын шығарды. Борыштық бағалы қағаздар корпоративті мақсаттар үшін шығарылды.

2024 жылғы 23 мамырда Компания өтеу мерзімі 2029 жылғы 23 мамырға дейін номиналды құны 50.000.000 мың теңге KZ2C00011328 (KAFIpp6) купондық облигацияларын шығарды. Борыштық бағалы қағаздар одан әрі лизингке беру үшін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды қаржыландыру үшін шығарылды.

2024 жылғы 22 шілдеде Компания өтеу мерзімі 2031 жылғы 22 шілдеге дейін номиналды құны 100.000.000 мың теңге KZ2C00011674 (KAFIpp7) купондық облигацияларын шығарды. Борыштық бағалы қағаздар одан әрі лизингке беру үшін отандық ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды қаржыландыру үшін шығарылды.

Ауыл шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын тауар өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі лизинг алушылар үшін сыйақы мөлшерлемесін төмендету мақсатында шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақының купондық мөлшерлемесін субсидиялау бағдарламасын әзірледі. 2024 жыл ішінде Компания 15.750.000 мың теңге мөлшерінде KAFIpp7 купондық облигациялары және 2.792.000 мың теңге мөлшерінде KAFIpp6 купондық облигациялары бойынша мемлекеттік субсидиялар алды. 2024 жыл ішінде Компания жоғарыда көрсетілген борыштық бағалы қағаздар бойынша субсидияланған купондық сыйақының барлық сомасына алдын ала төлем жасады. Алдын ала төлемді есепке жатқызу тиісті

(мың теңгемен)

14. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар, жалғасы

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздық шығыстар танылған кезде жүргізіледі. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша алдын ала төлем 9.938.789 мың теңгені құрайды.

2023 жылғы 12 шілдеде Компания өтеу мерзімі 2030 жылғы 12 шілдеге дейін номиналды құны 20.000.000 мың теңге KZ2C00009843 (KAFIb13) купондық облигацияларын шығарды. Борыштық бағалы қағаздар жасалған қаржылық лизинг шарттарына сәйкес егін жинау жұмыстарын қаржыландыру үшін шығарылды.

Қаржыландыру қажеттілігін жабу үшін 2023 жылғы 16 маусымда номиналды құны бар нарықтық инвесторлардың кең ауқымы арасында KZ2C00008514 (KAFIb12) облигацияларын қосымша орналастыру бойынша жұмыс жүргізілді 9.832.756 мың теңге.

Облигациялардың айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты Компания өтеуді жүзеге асырды:

- 2024 жылғы 24 маусымда – KZ2C00003267 (KAFIb4) облигацияларын 4.117.875 мың теңге сомаға, оның ішінде 3.950.000 мың теңге номиналды құны және 167.875 мың теңге купондық сыйақы бойынша;
- 2024 жылғы 25 желтоқсанда – KZ2C00006385 (KAFIb9) облигацияларын 21.181.980 мың теңге сомаға, оның ішінде 19.983.000 мың теңге номиналды құны және 1.198.980 мың теңге купондық сыйақы бойынша;
- 2024 жылғы 26 желтоқсанда – KZ2C00006781 (KAFIb10) облигацияларын 21.246.667 мың теңге сомаға, оның ішінде 20.000.000 мың теңге номиналды құны және 1.246.667 мың теңге купондық сыйақы бойынша;
- 2023 жылғы 24 қаңтарда – KZ2C00002749 (KAFIb3) облигацияларын 17.630.340 мың теңге сомаға, оның ішінде 16.952.250 мың теңге номиналды құны және 678.090 мың теңге купондық сыйақы бойынша;
- 2023 жылғы 13 қарашада – KZ2C00003747 (KAFIb7) облигацияларын 12.720.000 мың теңге сомаға, оның ішінде 12.000.000 мың теңге номиналды құны және 720.000 мың теңге купондық сыйақы бойынша.

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғам шығарылған қарыздық бағалы қағаздар бойынша шектеу талаптарын сақтау міндеттемелерін орындайды.

15. Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек компанияның кейіннен қаржылық жалға беру үшін жеткізушілер алдындағы мүліктік берешегін қамтиды, келесідей ұсынылған:

	<i>2024 жылдың 31 желтоқсаны</i>	<i>2023 жылдың 31 желтоқсаны</i>
Ауыл шаруашылығы техникасы	505.515	3.295.074
Жабдық	365.798	1.674.452
Ірі қара мал	828	761
Өзге	255.105	238.975
Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек	1.127.246	5.209.262

16. Мемлекеттік субсидиялар

	<i>2024 жыл</i>	<i>2023 жыл</i>
1 қаңтарға арналған мемлекеттік субсидиялар	43.518.065	27.025.951
«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-дан алынған қарыздар бойынша мемлекеттік субсидиялар (13-Ескертпе)	(2.074.623)	16.846.775
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақының купондық мөлшерлемесін өтеу жөніндегі мемлекеттік субсидиялар (14-ескертпе)	18.542.000	–
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша мемлекеттік субсидияларды кәдеге жарату	(8.603.211)	–
Бір жыл ішіндегі амортизация	(1.027.148)	(354.661)
31 желтоқсанға арналған мемлекеттік субсидиялар	50.355.083	43.518.065

2023 жылы компания «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-ның отандық өндірістің өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдікті лизингі бағдарламасын қаржыландыру мақсатында төмен сыйақы мөлшерлемесі (жылдық 0,35% шарт бойынша пайыздық мөлшерлеме) бойынша қарыздар беруі нәтижесінде алынған 16.846.775 мың теңге мөлшеріндегі пайданы мемлекеттік субсидиялар ретінде мойындады.

(мың теңгемен)

16. Мемлекеттік субсидиялар, жалғасы

Жеңілдіктер лизинг алушыларға олармен жеңілдікті мөлшерлемелер бойынша қаржы лизингі шарттарын жасасу арқылы берілетін болады. «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-дан алынған қарыздар бойынша субсидиялардың амортизациясы пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте тиісті пайыздық шығыстарды азайту жолымен танылады.

2024 жылғы қаңтарда Компания қарыз шартының қолданылу мерзімін қысқарту бөлігінде қосымша келісім жасасты, осыған байланысты мемлекеттік субсидия мөлшері 2.074.623 мың теңге сомасына азайды (13-Ескертпе).

2024 жылғы шілдеде және қарашада Компания шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны өтеу үшін алынған 18.542.000 мың теңге мөлшеріндегі соманы мемлекеттік субсидиялар ретінде мойындады (14-Ескертпе). Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша мемлекеттік субсидияларды кәдеге жаратудан түскен кірістер пайда немесе залал туралы есепте және өзге де жиынтық табыс туралы тиісті пайыздық шығыстарды азайту жолымен танылды.

17. Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығыс) мынадай баптардан тұрады:

	2024 жыл	2023 жыл
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(961.592)	(453.911)
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығын үнемдеу – уақытша айырмашылықтардың пайда болуы және азаюы	2.684.844	451.963
Корпоративтік табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығыс)	1.723.252	(1.948)

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер 134.115 мың теңгені құрайды (2023 жылғы 31 желтоқсан: 134.115 мың теңге).

Компания үшін корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі 2024 және 2023 жылдары 20,0% құрады.

Корпоративтік табыс салығының тиімді мөлшерлемесі ресми табыс салығының мөлшерлемесінен өзгеше. Төменде қаржылық есептілікте көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша үнемдеумен ресми мөлшерлеме бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарды салыстыру берілген.

Тиімді салық мөлшерлемесіне қатысты салыстыру:

	2024 жыл	%	2023 жыл	%
Салық салуға дейінгі пайда	18.621.704	100	18.930.123	100
Табыс салығы бойынша қолданыстағы мөлшерлемелерге сәйкес есептелген табыс салығы	(3.724.341)	(20,0)	(3.786.025)	(20,0)
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек бойынша салық салынбайтын пайыздық кіріс	11.077.675	59,5	6.822.955	36,0
Төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(961.592)	(5,2)	(453.911)	(2,4)
Алынбайтын кредиттік шығындар	(4.548.220)	(24,4)	(2.415.154)	(12,8)
Өзге шегерілмейтін шығындар	(120.270)	(0,6)	(169.813)	(0,9)
Корпоративтік табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығыс)	1.723.252	9,3	(1.948)	—

(мың теңгемен)

17. Салық салу, жалғасы

31 желтоқсандағы корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер мен міндеттемелер, сондай-ақ олардың тиісті жылдардағы қозғалысы мынадай позицияларды қамтиды:

	<i>Пайда немесе залал құрамында танылған</i>		<i>Пайда немесе залал құрамында танылған</i>		
	<i>2022 жыл</i>	<i>2023 жыл</i>	<i>2023 жыл</i>	<i>2024 жыл</i>	<i>2024 жыл</i>
Шегерілетін уақыт айырмашылықтарының салық әсері					
Клиенттерге несиелер	–	8.536	8.536	35.765	44.301
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	89.371	62.089	151.460	411.754	563.214
Мемлекеттік субсидиялар	5.405.190	3.298.423	8.703.613	1.367.404	10.071.017
Пайдаланылмайтын демалыстар бойынша есептелген шығыстар	89.982	6.611	96.593	8.488	105.081
Сот шешімі бойынша танылған тұрақсыздық айыбы	352.414	(21.014)	331.400	1.425	332.825
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	–	–	–	27.615	27.615
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер	5.936.957	3.354.645	9.291.602	1.852.451	11.144.053
Салық салынатын уақытша айырмашылықтардың салықтық әсері					
Клиенттерге несиелер	(194)	194	–	–	–
Акционер алдындағы берешек	(272.421)	75.146	(197.275)	61.499	(135.776)
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	(7.722.819)	167.858	(7.554.961)	188.813	(7.366.148)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	(155.097)	66.549	(88.548)	66.734	(21.814)
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	(5.338.164)	(3.236.367)	(8.574.531)	506.498	(8.068.033)
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	(32.787)	23.938	(8.849)	8.849	–
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	(13.521.482)	(2.902.682)	(16.424.164)	832.393	(15.591.771)
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған таза міндеттеме	(7.584.525)	451.963	(7.132.562)	2.684.844	(4.447.718)

Тиімді салық мөлшерлемесіне қатысты салыстыру:

Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер шотына актив пайдаланылуы мүмкін болашақ салық салынатын пайданың қол жетімді болу ықтималдығы бар көлемде ғана танылады. Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер тиісті салық жеңілдіктерінің іске асырылу ықтималдығы жоқ көлемде азаяды.

18. Алынған алғытөлемдер

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 5.131.334 мың теңге сомасында алынған алғытөлемдер (2023 жылғы 31 желтоқсан: 5.013.679 мың теңге) Қаржылық жалдау шарттарының талаптары бойынша сатып алынған, бірақ әлі жалға алушыға берілмеген, сондай-ақ қаржылық жалдау шарттары бойынша алдын ала төленген төлемдер үшін клиенттер жүргізген алдын ала төлемді білдіреді.

(мың теңгемен)

19. Басқа активтер мен міндеттемелер

2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа активтер келесі позицияларды қамтиды:

	<i>2024 жылдың 31 желтоқсаны</i>	<i>2023 жылдың 31 желтоқсаны</i>
Өзге қаржылық активтер		
Жоғалған лизинг заттарының құнын өтеу бойынша берешек	72.936	61.139
Өзге дебиторлық берешек	827.532	825.990
	900.468	887.129
ККЗ бойынша резерв	(844.792)	(823.894)
Өзге де қаржы активтерінің жиыны	55.676	63.235
Өзге активтер		
Басқа қысқа мерзімді активтер (лизингтік төлемдер бойынша ҚҚС)	1.450.917	1.321.015
Болашақ кезеңдегі шығындар	232.763	171.313
Қызметкерлермен есеп айырысу	504	731
	1.684.184	1.493.059
Резерв (22-Ескерту)	(455.693)	(349.015)
Өзге де активтер жиыны	1.228.491	1.144.044

2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа активтер келесі позицияларды қамтиды:

	<i>2024 жылдың 31 желтоқсаны</i>	<i>2023 жылдың 31 желтоқсаны</i>
Өзге қаржылық міндеттемелер		
Клиенттерге инвестициялық субсидиялар	1.888.444	–
Болашақ кезеңдердің пайыздық кірістері	1.607.057	1.521.644
Клиенттерге қайтаруға арналған субсидиялар	550.114	179.780
Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер бойынша ККЗ астындағы		
Резерв (20-Ескертпе)	124.770	124.950
Өзге қаржылық міндеттемелер	4.170.385	1.826.374
Өзге қаржылық емес міндеттемелер		
Қызметкерлерге берілетін сыйақыларға есептелген шығындар	526.429	484.131
Міндетті төлемдер бойынша берешек және қызметкерлерге берешек	52.072	41.690
Корпоративтік табыс салығынан басқа, төлеуге салынатын салықтар	44.932	38.862
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	55.694	56.632
	679.127	621.315
Өзге қаржылық емес міндеттемелер	4.849.512	2.447.689

20. Капитал

2023 жыл ішінде Компанияның жарғылық капиталы номиналды құны 20.000.000 мың теңге болатын акциялар шығару жолымен ұлғайды.

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанына жарияланған және төленген жай акциялардың жалпы саны бір акция үшін 1.000 теңге орналастыру бағасы бойынша 102.837.204 дана құрайды. Бір қарапайым акцияның иесі бір дауысқа ие және дивиденд алуға тең құқылы. Бөлінетін пайда компанияның қаржылық есептілігінде көрсетілген пайда негізінде анықталады.

Акционердің 2024 жылғы 24 мамырдағы шешіміне сәйкес Компания 2023 жылға 13.249.722 мың теңге немесе бір жай акцияға 128,84 теңге мөлшерінде дивидендтер жариялады. Есепті кезеңде дивидендтер толық көлемде төленді. Акционердің 2023 жылғы 30 мамырдағы шешіміне сәйкес Компания 2022 жылға 10.309.687 мың теңге немесе бір жай акцияға 124,46 теңге мөлшерінде дивидендтер жариялады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дивидендтер толық төленді.

Компанияның ережесіне сәйкес, резервтік капитал болашақ шығындар мен өзге де күтпеген тәуекелдер мен міндеттемелерді қоса алғанда, жалпы тәуекелдер үшін қалыптасады. Резервтік капитал акционердің жалпы жиналыстағы шешімі негізінде бөлінуге жатады. 2024 және 2023 жылдың он екі айында резервтік капитал өзгерген жоқ.

2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервтік капитал 1.436.184 мың теңгені құрайды.

(мың теңгемен)

20. Капитал, жалғасы

2024 жылғы 31 желтоқсанға Қазақстан қор биржасының әдіснамасына сәйкес есептелген жай бір акцияның баланстық құны 1.869,98 теңгені құрайды (2023: 1.800,48 теңге). 2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бір акцияның баланстық құнын есептеу:

	2024 жылдың 31 желтоқсаны	2023 жылдың 31 желтоқсаны
Активтер	644.247.205	523.303.451
Материалдық емес активтер	(360.931)	(412.854)
Міндеттемелер	(451.583.071)	(337.734.551)
Таза активтер	192.303.203	185.156.046
Есептеу күніне жай акциялар саны, дана	102.837.204	102.837.204
Акцияның теңгедегі баланстық құны	1.869,98	1.800,48

Төменде акцияға шаққандағы базалық және сұйылтылған пайданы есептеу кезінде пайдаланылған пайда мен акциялар туралы мәліметтер келтірілген:

	2024 жыл	2023 жыл
Бір жылдағы таза пайда	20.344.956	18.928.175
31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жай акциялардың орташа өлшенген саны	102.837.204	91.165.971
Жай акцияға базалық және сұйылтылған пайда (теңгемен)	197,84	207,62

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияда акцияға шаққандағы пайданы тарататын қаржы құралдары жетіспеді.

21. Шарттық және шартты міндеттемелер**Соттың істі қарауы**

Нарықта өзінің әдеттегі қызметін жүзеге асыру барысында компания түрлі заңдық талаптарға тап болады. Басшылық сот талқылаулары нәтижесінде туындайтын міндеттемелердің түпкілікті шамасы (олар болған жағдайда) компанияның қаржылық жағдайына немесе одан әрі қызметіне елеулі теріс әсер етпейді деп пайымдайды.

Басшылықта қандай да бір маңызды немесе шешілмеген сот үдерістері, сондай-ақ компанияға қарсы қойылуы мүмкін ықтимал талаптар туралы ақпарат жоқ.

Салық салу

Қазақстандық коммерциялық және, атап айтқанда, салық заңнамасында интерпретациясы өзгеруі мүмкін ережелер бар, жекелеген жағдайларда заңнамаға жанама ретроспективті әсері бар өзгерістер енгізілуі мүмкін. Сонымен қатар, Компания басшылығының заңнама ережелерін түсінуі салық органдарының осы ережелерді түсінуінен өзгеше болуы мүмкін, нәтижесінде компания жүргізген операцияларды салық органдары басқаша бағалауы мүмкін және бұл қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептеуге әкелуі мүмкін. Компания басшылығы барлық қажетті салық есептеулері жүргізілді деп санайды және сәйкесінше есептілікте ешқандай резервтер есептелген жоқ. Салық органдары соңғы 5 (бес) жылдағы салық деректерін тексере алады.

Кредиттік сипаттағы міндеттемелер

2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияның шарттық және шартты міндеттемелері келесі тармақтарды қамтыды:

	2024 жылдың 31 желтоқсаны	2023 жылдың 31 желтоқсаны
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер		
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	6.190.406	14.621.791
ККЗ бойынша резерв шегерілгенге дейінгі кредиттік сипаттағы міндеттемелер	6.190.406	14.621.791
ККЗ бойынша резерв	(124.770)	(124.950)
Жиыны	6.065.636	14.496.841

Шарттарға сәйкес пайдаланылмаған несие желілері бойынша берешектің жалпы сомасы міндетті түрде болашақ ақшалай талаптарды білдірмейді, өйткені қарыз алушыға қаражат бермей-ақ аталған міндеттемелердің қолданылу мерзімінің аяқталуы немесе күшін жою мүмкін.

(мың теңгемен)

21. Шарттық және шартты міндеттемелер, жалғасы**Кредиттік сипаттағы міндеттемелер, жалғасы**

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдарға қаржылық жалдау міндеттемелері бойынша ККЗ резервтеріндегі өзгерістерді талдау төменде келтірілген. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания 12 айлық күтілетін кредиттік шығындарға тең сомада пайдаланылмаған кредиттік желілерге қатысты күтілетін кредиттік шығындар үшін бағалау резервін мойындады.

	<i>Пайдаланылмаған несиелер желілері</i>	
	<i>ан несиелер желілері</i>	<i>Жиыны</i>
2023 жылғы 1 қаңтарға арналған ККЗ резерві	176.215	176.215
Бір жылдағы ККЗ өзгерістері	(51.265)	(51.265)
2023 жылдың 31 желтоқсанында	124.950	124.950
Бір жылдағы ККЗ өзгерістері	(180)	(180)
2024 жылдың 31 желтоқсанында	124.770	124.770

22. Кредиттік шығындар бойынша шығыстар

Төмендегі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсанда және 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде пайда немесе залал ретінде танылған қаржы құралдары бойынша ККЗ бойынша шығыстар көрсетілген:

	<i>Ескерт.</i>	<i>2024 жыл</i>	<i>2023 жыл</i>
Клиенттерге несиелер	8	438.142	(2.555.380)
Ақша қаражаттары және оның баламалары		(738)	2.050
Несие ұйымдарындағы қаражат		(22)	3
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер	21	180	51.265
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	9	(23.023.052)	(9.474.288)
Өзге қаржылық активтер		(155.612)	(99.423)
Жиыны		(22.741.102)	(12.075.773)

Төменде құнсыздануға арналған резервтің және басқа резервтердің қозғалысы келтірілген:

	<i>Қорлар</i>	<i>Берілген алғытөлемдер</i>	<i>Өзге активтер</i>	<i>Жиыны</i>
2023 жылдың 1 қаңтарында	(672.706)	(11.283)	(385.467)	(1.069.456)
Резервтер құру	(524.764)	–	35.824	(488.940)
Активтерді есептен шығару	769.915	–	628	770.543
2023 жылдың 31 желтоқсанында	(427.555)	(11.283)	(349.015)	(787.853)
Резервтер құру	(47.039)	–	(106.678)	(153.717)
Активтерді есептен шығару	77.594	–	–	77.594
2024 жылдың 31 желтоқсанында	(397.000)	(11.283)	(455.693)	(863.976)

Активтердің құнсыздануына арналған резервтер тиісті активтердің құнынан шегеріледі.

23. Өзге табыстар

Басқа кірістер келесі позицияларды қамтиды:

	<i>2024 жыл</i>	<i>2023 жыл</i>
Шығындарды өтеуден түскен кіріс	207.597	8.350
Алынған айыппұлдар мен өсімпұлдар	91.880	96.418
Қорлар бойынша құрылған резервтерді қалпына келтіруден түскен кіріс	–	31.660
Өзге	166.905	322.553
Өзге табыстар	466.382	458.981

Компания қаржылық жалдауға арналған жабдықты уақтылы жеткізбегені үшін жеткізушілерден айыппұлдар мен өсімпұлдарды алды.

(мың теңгемен)

24. Қызметкерлер құрамына арналған шығыстар және өзге де операциялық шығыстар

Қызметкерлер құрамы шығындары және басқа операциялық шығындар келесі позицияларды қамтиды:

	2024 жыл	2023 жыл
Қызметкерлер құрамын ұстауға арналған шығыстар	(4.038.049)	(3.603.667)
Әлеуметтік қамсыздандыру шығындары	(460.404)	(361.009)
Қызметкерлерге шығындар	(4.498.453)	(3.964.676)
НҚ мен МЕА жөндеу және техникалық қызмет көрсету	(472.548)	(394.815)
Аутсорсинг шығындары	(183.337)	(160.728)
Операциялық жалдау шығындары	(173.940)	(153.724)
Негізгі құралдардың амортизациясы	(110.478)	(150.336)
Консультациялық қызметтер / Кәсіби қызметтер	(137.018)	(93.351)
Бағдарламалық қамтамасыз етуді және өзге де материалдық емес активтерді амортизациялау	(121.196)	(126.458)
Табыс салығынан басқа басқа салықтар	(81.959)	(88.890)
Іссапар шығындары	(78.667)	(82.093)
Көлік қызметтері	(72.758)	(36.857)
Ақпараттық қызметтер	(49.201)	(25.810)
Байланыс қызметтері	(42.104)	(39.313)
Материалдар	(41.354)	(46.602)
Жарнамалық және маркетингтік қызметтер	(35.677)	(48.813)
Қызметкерлерді оқыту	(22.600)	(15.883)
Рейтингтік қызметтерді тағайындау/қадағалау/қолдау бойынша шығыстар	(17.638)	(15.174)
Кеңсе және баспа өнімдері бойынша шығыстар	(17.304)	(20.969)
Сактандыру	(10.515)	(4.445)
Қайырымдылық және демеушілік	(9.912)	(2.205)
Директорлар кеңесін ұстауға арналған шығыстар	(9.400)	(9.176)
Өзге	(220.772)	(187.730)
Басқа операциялық шығындар	(1.908.378)	(1.703.372)

ҚЕХС стандарттарына сәйкес дайындалған компанияның қаржылық есептілігінің аудиті бойынша қызметтердің құны 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚҚС есептемегенде 103.540 мың теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 74.800 мың теңге). Бұл сомаға ағылшын тіліне аударуды жеңілдету, қаржылық есептілікті пішімдеу және шегеру қызметтері де кіреді.

25. Тәуекелдерді басқару**Кіріспе**

Компанияның қызметіне тән тәуекелдер бар. Компания тәуекелдерді басқаруды анықтау, бағалау және байқаудың тұрақты үдерісі барысында, сондай-ақ тәуекел лимиттерін және өзге де ішкі бақылау шараларын белгілеу арқылы жүзеге асырады. Тәуекелдерді басқару үдерісі компанияның тұрақты кірістілігін сақтау үшін өте маңызды және компанияның әрбір жеке қызметкері өз міндеттеріне байланысты тәуекелдерге жауап береді. Компания кредиттік тәуекелге, өтімділік тәуекеліне және нарықтық тәуекелге ұшырайды, ол өз кезегінде сауда операцияларымен байланысты тәуекелге және сауда емес қызметпен байланысты тәуекелге бөлінеді. Компания сонымен қатар операциялық тәуекелдерге ұшырайды.

Тәуекелдерді тәуелсіз бақылау үдерісі, мысалы, қоршаған ортаның өзгеруі, технология немесе саланың өзгеруі сияқты іс-әрекеттерді жүргізу тәуекелдеріне жатпайды. Мұндай тәуекелдерді компания стратегиялық жоспарлау үдерісінде бақылайды.

Тәуекелдерді басқару құрылымы

Тәуекелдерді анықтау және бақылау үшін жалпы Жауапкершілік Директорлар кеңесіне жүктеледі, алайда тәуекелдерді басқаруға және бақылауға жауапты жеке тәуелсіз органдар да бар.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың жалпы тәсіліне, тәуекелдерді басқару стратегиясы мен қағидаттарын бекітуге жауап береді.

Басқарма

Басқарманың міндеті-компаниядағы тәуекелдерді басқару үдерісін бақылау.

(мың теңгемен)

25. Тәуекелдерді басқару, жалғасы

Кіріспе, жалғасы

Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару бөлімшесі тәуелсіз бақылау үдерісін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқарумен байланысты рәсімдерді енгізуге және жүргізуге жауапты.

Тәуекелдерді бақылау

Тәуекелдерді бақылау бөлімі компанияның тәуекелдерді басқару саясаты мен тәуекел лимиттерінің сақталуын бақылауға жауапты. Компанияның құрылымына тәуекелдерді тәуелсіз бақылауға, соның ішінде белгіленген лимиттермен салыстырғанда тәуекелге ұшыраған позициялардың мөлшерін бақылауға, сондай-ақ жаңа өнімдер мен құрылымдық мәмілелердің тәуекелін бағалауға жауап беретін компания кеңесіне тікелей бағынатын жеке бөлім кіреді. Бұл бөлімше тәуекелдерді бағалау және тәуекелдер туралы есептілік жүйесінде толық ақпарат жинауды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, тәуекелдерді бақылау мақсатында компания филиалдарында тәуекел-менеджерлер қарастырылған.

Компанияның Қазынашылығы

Компанияның қазынашылығы компанияның активтері мен міндеттемелерін, сондай-ақ жалпы қаржылық құрылымды басқаруға жауапты. Қазынашылық сонымен қатар өтімділік тәуекелі мен компанияны қаржыландыру тәуекеліне жауап береді.

Ішкі аудит

Ішкі аудит қызметінің қызметі Компанияның Директорлар кеңесіне рәсімдердің жеткіліктілігіне де, компанияның осы рәсімдерді орындауына да жыл сайынғы аудит жүргізуге негізделген тәуелсіз, объективті және бейтарап ақпарат беру болып табылады. Аудит бөлімі басшылықпен жүргізілген тексерулердің нәтижелерін талқылайды және өз қорытындылары мен ұсынымдарын тікелей Директорлар кеңесіне ұсынады.

Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдер туралы ақпаратты беру жүйелері

Компанияның тәуекелдері әдеттегі қызмет барысында күтілетін шығынды да, статистикалық модельдер негізінде ең үлкен нақты шығындарды бағалауды білдіретін күтпеген шығындарды да көрсететін әдісті қолдана отырып бағаланады. Модельдер өткен тәжірибелерден алынған және экономикалық жағдайларды ескере отырып түзетілген ықтималдық мәндерін пайдаланады. Компания сондай-ақ екіталай деп саналатын оқиғалар орын алған жағдайда орын алатын «ең нашар сценарийлерді» модельдейді.

Тәуекелдерді бақылау және бақылау негізінен компания белгілеген лимиттерге негізделеді. Мұндай лимиттер Компания жұмыс істейтін қызметті жүргізу стратегиясы мен нарықтық жағдайларды, сондай-ақ компанияның қабылдауға дайын тәуекел деңгейін көрсетеді, бұл ретте жекелеген салаларға ерекше назар аударылады. Сонымен қатар, Компания тәуекелдер мен операциялардың барлық түрлері бойынша жиынтық позицияға қатысты тәуекелдерді көтерудің жалпы қабілетін бақылайды және бағалайды.

Қызметтің барлық түрлері бойынша алынған ақпарат тәуекелдерді талдау, бақылау және ерте анықтау мақсатында зерттеледі және өңделеді. Көрсетілген ақпарат Директорлар кеңесіне, Компания Басқармасына, кредиттік Комитетке, бөлімше басшыларына ұсынылады. Бұл ақпарат кредиттік тәуекелдің жиынтық мөлшерінің көрсеткішін, болжамды кредиттік көрсеткіштерді, белгіленген тәуекел лимиттерінен ерекшеліктерді, тәуекелді ескере отырып құнын, өтімділік көрсеткіштерін, пайыздық тәуекел көрсеткіштерін, тәуекел деңгейіндегі өзгерістерді қамтиды.

Компанияның барлық деңгейлері үшін әр түрлі тәуекелдер туралы есептер жасалады, олар компанияның барлық бөлімшелеріне кең, қажетті және өзекті ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Басқарма мен Компанияның өзге де қызметкерлерінің кеңестері үнемі өткізіліп тұрады, онда белгіленген лимиттерді ұстап тұру талқыланады, тәуекел, инвестициялар, өтімділік, сондай-ақ тәуекел деңгейіндегі өзгерістер ескеріле отырып құны талданады.

Тәуекелді азайту

Тәуекелдерді басқару шеңберінде Компания пайыздық мөлшерлемелердің, айырбас бағамдарының, акциялар бағасының өзгеру тәуекелінің, кредиттік тәуекелдің, сондай-ақ болжанатын мәмілелер бойынша позициялардың өзгеруінен туындайтын позицияларды басқару үшін туындыларды және өзге де құралдарды пайдаланады.

Компания кредиттік тәуекелді азайту үшін кепілдікті белсенді қолданады.

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – бұл компанияның клиенттері немесе контрагенттері өздерінің келісімшарттық міндеттемелерін орындамауы салдарынан шығынға ұшырау қаупі. Компания кредиттік тәуекелді компанияның жекелеген контрагенттер, географиялық немесе салалық тәуекел концентрациялары бойынша қабылдауға дайын тәуекелдің шекті мөлшерін белгілеу және белгіленген тәуекел лимиттерінің сақталуын бақылау арқылы

(мың теңгемен)

басқарады.

25. Тәуекелдерді басқару, жалғасы**Кредиттік тәуекел, жалғасы**

Компания контрагенттердің кредиттік қабілеттілігіндегі ықтимал өзгерістерді, соның ішінде кепілдік мөлшерін мерзімді қайта қарауды ерте анықтауды қамтамасыз ету үшін кредиттік сапаны тексеру рәсімін әзірледі. Контрагенттік лимиттер әр контрагентке кредиттік тәуекелді тағайындайтын кредиттік тәуекелді жіктеу жүйесін қолдану арқылы анықталады. кредиттік тәуекел үнемі қайта қаралады. кредиттік сапаны тексеру рәсімі компанияға ықтимал шығындардың мөлшерін тәуекелдер бойынша бағалауға және қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

Компанияның кредиттік тәуекелінің максималды деңгейі, әдетте, қаржылық активтердің баланстық құнындағы қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі. Есепті күнгі жағдай бойынша баланстық кредиттік тәуекелдің ең жоғары деңгейі мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

	2024 жылдың 31 желтоқсаны	2023 жылдың 31 желтоқсаны
Активтер		
Ақша қаражаттары және оның баламалары	53.631.090	43.800.988
Несие ұйымдарындағы қаражат	2.433.970	—
Клиенттерге несиелер	7.556.690	8.110.763
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	550.252.407	448.423.563
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны алдын ала төлеу	9.938.789	—
Өзге қаржылық активтер	55.676	63.235
Кредиттік тәуекелге ұшыраудың ең жоғары деңгейінің жиыны	623.868.622	500.398.549

Туынды қаржы құралдары

Туынды қаржылық құралдарға байланысты кредиттік тәуекел кез келген уақытта қаржылық жағдай туралы есепте танылған оң әділетті құны бар туынды құралдармен шектеледі.

Кредиттік сипаттағы міндеттемелерге байланысты тәуекелдер

Компания өз клиенттеріне кепілдіктер алу мүмкіндігін ұсынады, олар бойынша компания клиенттердің атынан төлемдер жүргізу қажеттілігі туындауы мүмкін. Клиенттер аккредитив беру шарттарына сәйкес компанияның осындай төлемдерін өтейді. Көрсетілген шарттар бойынша Компания кредиттер бойынша тәуекелдерге ұқсас және тәуекелдерді бақылаудың бірдей рәсімдері мен саясаты арқылы төмендетілетін тәуекелдерді көтереді.

Есепті күндегі жағдай бойынша танылмаған шарттық міндеттемелерге қатысты кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшері туралы толығырақ ақпарат 20-ескертпеде берілген.

Құнсыздануды бағалау

Компания тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен мәнін пайдалана отырып дисконтталатын күтілетін қолма-қол ақшаның жетіспеушілігін бағалау үшін ықтималдықпен өлшенген бірнеше сценарийлер негізінде ККЗ есептейді. Қолма-қол ақшаның жетіспеушілігі – бұл келісімшартқа сәйкес ұйымға тиесілі ақша ағындары мен ұйым алуды күткен ақша ағындарының арасындағы айырмашылық.

Оқи есептеу механикасы төменде сипатталған, ал негізгі элементтер келесідей:

Дефолт ықтималдығы (PD)	Дефолт ықтималдығы - берілген уақыт аралығында дефолттың пайда болу ықтималдығының болжамды бағасы. Дефолт қарастырылып отырған кезең ішінде белгілі бір уақытта ғана орын алуы мүмкін, егер активті тану тоқтатылмаған болса және ол әлі де портфельдің бөлігі болып табылады.
Дефолт қаупі бар шама (EAD)	Дефолт тәуекеліне ұшыраған шама шартта көзделген борыштың негізгі сомасын және пайыздарды төлеуді немесе өзге де тәсілмен берілген қарыздарды өтеуді күтуді және төлемдерді кешіктіру нәтижесінде есептелген пайыздарды қоса алғанда, есепті күннен кейін осы шаманың күтілетін өзгерістерін ескере отырып, болашақта қандай да бір күнге дефолтқа ұшыраған шаманың есептік бағасын білдіреді.
Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі (LGD)	Дефолт кезіндегі шығын деңгейі белгілі бір уақытта дефолт орын алған жағдайда туындайтын шығынның есептік бағасы болып табылады. Бұл көрсеткіш шартта көзделген ақша ағындары мен кредитор алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырма, оның ішінде қамтамасыз етуді іске асыру нәтижесінде негізге алына отырып есептеледі. Әдетте EAD-ге қатысты пайызбен көрсетіледі.

(мың теңгемен)

25. Тәуекелдерді басқару, жалғасы

Кредиттік тәуекел, жалғасы

Құнсыздануды бағалау, жалғасы

ККЗ бойынша бағалау резерві активтің әрекет ету мерзімі ішінде туындауы күтілетін кредиттік залалдар негізінде есептеледі (барлық мерзім үшін күтілетін кредиттік залалдар немесе ККЗ барлық мерзім үшін), егер бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы орын алса, әйтпесе бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік залалға тең сомада есептеледі (12 айлық ККЗ). 12 айлық ККЗ – бұл есепті күннен кейін 12 ай ішінде мүмкін болатын қаржы құралы бойынша дефолттардың салдарынан туындайтын ККЗ болып табылатын бүкіл мерзімдегі ККЗ бөлігі. Барлық мерзім үшін ККЗ және 12 айлық ККЗ қаржы құралдарының базалық портфелінің сипатына байланысты жеке негізде немесе топтық негізде есептеледі.

Компания қаржы құралының қалған қолданылу мерзімі ішінде дефолт орын алу тәуекелінің өзгерістерін есепке алу жолымен бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы болған-болмағаны туралы әрбір есепті кезеңнің соңында бағалауды жүзеге асыру саясатын әзірледі. Жоғарыда сипатталған үдеріс негізінде Компания қаржылық активтерді келесі топтарға біріктіреді:

- 1-кезең: Актив бастапқы танылған кезде Компания Бағалау резервін 12 айлық ККЗ-ға тең сомада таниды. 1-кезеңге несиелер, қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек және басқа кредиттік желілер де кіреді, олар бойынша кредиттік тәуекел 2-кезеңнен ауыстырылғанға дейін төмендеді.
- 2-кезең: Егер актив бойынша кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай өскен болса, Компания Бағалау резервін бүкіл мерзімдегі ККЗ-ға тең сомада таниды. 2-кезеңге несиелер, қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек және кредиттік тәуекел 3-кезеңнен ауыстырылғанға дейін төмендеген басқа кредиттік желілер де кіреді.
- 3-кезең: кредиттік құнсызданған активтер. Компания Бағалау резервін бүкіл мерзім ішінде көзіне тең сомада таниды.
- СҚКҚ: Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған (СҚКҚ) активтер-бұл бастапқы тану кезінде кредиттік құнсыздану болған қаржылық активтер. СҚКҚ-ны бастапқы тану кезінде активтер әділ құн бойынша бағаланады, содан кейін кредиттік тәуекелге түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептелген пайыздық кіріс танылады. ККЗ астындағы бағалау резерві бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар сомасының кейіннен өзгеруі орын алған көлемде ғана танылады немесе тануды тоқтатады.

ККЗ бағалау кезінде Компания үш сценарийді қарастырады: негізгі, оптимистік, пессимистік. Олардың әрқайсысы үшін PD, EAD және LGD көрсеткіштері белгіленеді. ККЗ анықтау модельдерінде Компания бастапқы экономикалық деректер ретінде болжамды ақпараттың кең спектрін пайдаланады. Құнсызданудан болған залалдар және оларды өтеу ескеріледі және олар туралы ақпарат қаржы активтерінің жалпы баланстық құнын түзету ретінде көрсетілетін түрлендіруден түскен пайдадан немесе залалдан бөлек ұсынылады. Жыл қорытындысы бойынша Компания портфельді сегменттеуді өзгерту және шарттар саны негізінде ауысу матрицаларын құру бөлігінде провизияларды есептеу әдіснамасына өзгерістер енгізді.

Дефолт пен қалпына келтіруді анықтау

Компания қаржы құралы бойынша дефолт орын алды деп есептейді, сондықтан қарыз алушы шартта көзделген төлемдерді 90 күнге кешіктірген кез келген жағдайда ККЗ есептеу мақсаттары үшін оны 3-кезеңге (кредиттік-құнсызданған активтер) жатқызады. Қазынашылық және банкаралық операциялар жағдайында Компания дефолт орын алды деп санайды және егер операциялық күн жабылған кезде жекелеген келісімдерде көрсетілген қажетті күндізгі төлемдер жасалмаса, оны жою бойынша жедел шаралар қолданады. Бағалы қағаздар, депозиттер, ағымдағы шоттардағы қаражат бойынша күтілетін кредиттік залалды есептеу Fitch Ratings, Moody's InvestorsService, S&P GlobalRatings халықаралық рейтингтік агенттіктері беретін сыртқы кредиттік рейтингтер негізінде жүзеге асырылады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы резервтің мөлшерін айқындау кезінде басшылық мынадай жорамалдар жасады:

- 1-кезеңге жатқызылған қазынашылық активтер бойынша PD деңгейі контрагенттің рейтингіне байланысты 0,1% -0,97% құрады.

Клиент бойынша дефолттың болуын сапалы бағалау шеңберінде Компания төлемнің екіталай екенін көрсететін бірқатар оқиғаларды қарастырады. Мұндай оқиғалар орын алған жағдайда, Компания мұндай оқиғаның дефолтқа әкелетінін және активтерді ККЗ есептеу мақсаттары үшін 3-кезеңге жатқызу керек пе, әлде 2-кезең қолайлы ма, соны мұқият талдайды. Мұндай оқиғаларға мыналар жатады:

- компанияда форс-мажорлық, сондай-ақ қарыз алушыға (қосалқы қарыз алушыға) елеулі материалдық залал келтірген немесе оған қызмет түрлеріне лицензиядан айыру/тоқтата тұру туралы ақпаратты, сондай-ақ қарыз алушының (қосалқы қарыз алушының)еңбекпен қамтылмауы немесе коммерциялық қызметі туралы ақпаратты қоса алғанда, өз қызметін жалғастыруға мүмкіндік бермейтін өзге де мән-жайлар туралы ақпараттың болуы;

(мың теңгемен)

25. Тәуекелдерді басқару, жалғасы

Кредиттік тәуекел, жалғасы

Дефолт пен қалпына келтіруді анықтау, жалғасы

- банкроттықтың немесе қайта ұйымдастырудың жоғары ықтималдығы, сондай-ақ қарыз алушының (қосалқы қарыз алушының) қаржылық жағдайын нашарлатуы мүмкін сот талқылауларына қатысуы туралы негізделген және расталған ақпарат. Бұл ақпарат ретінде компания келесі оқиғаларды қарастырады:
 - жеке тұлғаның қарыз алушының (қосалқы қарыз алушының) қайтыс болуы туралы ақпараттың болуы;
 - кросс-дефолт 60 күнтізбелік күнді қоса алғанда (компанияда ақпарат болған жағдайда);
 - қарыз алушының сыртқы кредиттік рейтингін Standard&Poor's, Moody's Investors Service және Fitch рейтингтік агенттіктері берген СС және одан төмен рейтингтерге дейін төмендету;
 - қаржылық қиындықтардың нәтижесінде осы қаржы активі үшін белсенді нарықтың жойылуы.

Қазынашылық және банкаралық қатынастар

Қазынашылық және банкаралық қатынастарға қаржылық қызмет көрсету ұйымдары, банктер, брокер-дилерлер сияқты контрагенттермен қатынастар жатады. Мұндай қатынастарды бағалау үшін қаржы департаменті мен компанияның тәуекелдерді басқару департаменті қаржылық есептілік сияқты жалпыға қол жетімді ақпаратты және сыртқы рейтингтер сияқты басқа сыртқы көздерден алынған мәліметтерді талдайды.

Дефолт шығындарының деңгейі

кредиттік тәуекелді бағалау LGD бағалаудың стандартты моделіне негізделген, нәтижесінде белгілі бір LGD деңгейлері белгіленеді. LGD деңгейлерінің деректері еад-тің күтілетін көрсеткішін ұсталған кепілдікті сату нәтижесінде қалпына келтіріледі немесе жүзеге асырылады деп күтілетін сомалармен салыстырғанда ескереді. Компания өзінің кредиттік өнімдерін болашақ ақша ағындарын бағалауға сәйкес келетін кредиттік тәуекелдің негізгі сипаттамаларына негізделген біртекті топтарға біріктіреді. Ол үшін өткен кезеңдердің шығындары туралы ақпарат пайдаланылады және мәмілелерге тән сипаттамалардың кең ауқымы (мысалы, қамтамасыз ету түрлері), сондай-ақ қарыз алушының сипаттамалары қарастырылады.

Қажет болған жағдайда, ҚЕХС (IFRS) 9 бойынша LGD деңгейін анықтау үшін қаржы құралдарының әрбір тобы үшін жаңа деректер мен болжамды экономикалық сценарийлер пайдаланылады. Болжалды ақпаратты бағалау кезінде күтілетін нәтижелер бірнеше сценарийлерге негізделеді. Негізгі бастапқы деректердің мысалдары кепіл құнының өзгеруін және төлем мәртебесін қамтиды.

LGD деңгейлері 1, 2 және 3 кезеңдегі және СҚКҚ активтерінің барлық сыныптары үшін бағаланады. Мұндай LGD деңгейлерінің бастапқы деректері бағаланады және мүмкіндігінше соңғы Қалпына келтірулерді ескере отырып, тарихи деректерге негізделген тестілеу арқылы түзетіледі. Қажет болған жағдайда мұндай деректер әрбір экономикалық сценарий үшін айқындалады.

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуі

Компания ұдайы барлық активтерді тексереді, оларға қатысты ККЗ есептеледі. Құрал немесе құралдар портфелі бойынша құнсыздану үшін бағалау резервін қандай сомада құру қажет екенін анықтау үшін (яғни, бүкіл мерзім ішінде 12 айлық ККЗ немесе ККЗ сомасында), Компания бастапқы танылған сәттен бастап берілген құрал немесе құралдар портфелі бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өскенін талдайды. Компания кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуінің келесі белгілерін анықтаған кезде бастапқы танылғаннан бері қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел айтарлықтай өсті деп санайды:

- мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күн және одан көп;
- компанияда негізгі борыш және/немесе қарыз алушының (қосалқы қарыз алушының) сыйақысы бойынша өтелмеген берешегі туралы ақпараттың болуы, тиісінше басқа кредиттік ұйымдарда (компанияда ақпарат болған кезде) берілген кредиттер және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек үшін қоса алғанда күнтізбелік 31-ден 60 және 90 күнге дейін;
- қайта құрылымдау және/немесе ұзарту сәтінен бастап 12 айдан астам, бірақ қоса алғанда 24 айдан аз, олар бойынша мерзімі өткен немесе мерзімі өткен жоқ активтер қаржылық жалдау бойынша берілген кредиттер және дебиторлық берешек үшін есепті күнге 60 және 90 күннен аспайтын, тиісінше;
- қайта құрылымдау және/немесе ұзарту сәтінен бастап 24 айдан астам уақыт өткен және олар бойынша 30 күннен артық, бірақ тиісінше қаржылық жалдау бойынша берілген кредиттер және дебиторлық берешек үшін есепті күнге 60 және 90 күннен аспайтын мерзімдер бар активтер;
- қарыз алушының сыртқы кредиттік рейтингінің нақты немесе күтілетін (негізделген және расталатын ақпарат негізінде) төмендеуі;

(мың теңгемен)

25. Тәуекелдерді басқару, жалғасы

Кредиттік тәуекел, жалғасы

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуі, жалғасы

- ЕДБ берген кепілдік сапасының елеулі өзгеруі, атап айтқанда, қазынашылық активтер үшін пайдаланылатын тәсілге сәйкес кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюына әкеп соғатын ЕДБ рейтингінің өзгеруі (рейтингтің 2 тармаққа және одан да көп төмендеуі) (кепілдік болған жағдайда);
- қаржылық жағдайдың нашарлауы.

Сондай-ақ, Компания актив бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өскенін көрсету үшін қосымша сапалы әдісті қолданады, мысалы, Клиентті/активті проблемалық тізімге ауыстыру немесе кредиттік оқиғаға байланысты қайта құрылымдау. Кейбір жағдайларда Компания жоғарыдағы «дефолтты анықтау» бөлімінде келтірілген оқиғаларды дефолт емес, кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуін көрсету ретінде қарастыруы мүмкін. кредиттік балл деңгейлерінің өзгеруіне қарамастан, егер шартта көзделген төлемдер 30 күннен артық кешіктірілсе, онда бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуі байқалды деп есептеледі.

Ұқсас активтер тобы бойынша топтық негізде ККЗ бағалаған жағдайда, Компания бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы орын алғанын бағалаудың бірдей принциптерін қолданады.

Ақша қаражаттары мен олардың баламаларына, сондай-ақ кредиттік ұйымдардағы қаражатқа қатысты Компания кредиттік тәуекелге ұшыраған белгілі бір позиция бойынша кредиттік тәуекел, егер компания эмитенттің кредиттік рейтингі бастапқы танылған сәттен бастап 2 немесе одан да көп тармаққа төмендегенін анықтаса, ол бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай өсті деп санайды.

Болжалды Ақпарат және бірнеше экономикалық сценарийлер

ККЗ есептеу модельдерінде Компания болжамды ақпараттың кең спектрін бастапқы экономикалық деректер ретінде пайдаланады, мысалы:

- ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің баға индексі;
- астық бағасы;
- мал шаруашылығының жалпы өнімінің нақты көлемінің индексі;
- теңгенің долларға бағамы;
- өсімдік шаруашылығының жалпы өнімінің нақты көлемінің индексі.

ККЗ есептеу кезінде қолданылатын бастапқы деректер мен модельдер әрдайым қаржылық есептілікті ұсыну күніндегі нарықтың барлық сипаттамаларын көрсете бермейді. Мұны көрсету үшін кейде сапалы түзетулер немесе уақытша түзетулер ретінде қабаттасулар жасалады, егер мұндай айырмашылықтар маңызды болса.

Болжамды ақпарат алу үшін Компания сыртқы көздерден (сыртқы рейтингтік агенттіктер, мемлекеттік органдар, мысалы, халықаралық қаржы институттары) деректерді пайдаланады. Компания бірнеше сценарийлерге қатысты салмақ коэффициенттерін анықтайды.

Өтімділік тәуекелі және қаржыландыру көздерін басқару

Өтімділік тәуекелі – бұл Компанияның төлем бойынша өз міндеттемелерін әдеттегі не күтпеген жағдайда өтеу мерзімі жеткен кезде орындай алмауының тәуекелі. Осы тәуекелді шектеу мақсатында басшылық әр түрлі қаржыландыру көздеріне қол жетімділікті қамтамасыз етті. Басшылық өтімділік пен келешектегі ақшалай ағым және өтімділікті күнделікті мониторингілеуді ескере отырып, активтерді басқарады. Бұл үдеріске күтілетін ақша ағымын бағалау және қажетті болса қосымша қаржы алу үшін қолдану мүмкіндігі бар жоғары сапалы қамтудың болуы кіреді.

Қаржылық міндеттемелерді өтелуге дейін қалған мерзімдері бойынша талдау

Төмендегі кестеде өтеу бойынша шарттық дисконтталмаған міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлінісінде 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияның қаржылық міндеттемелері бойынша негізгі борыш пен сыйақыны/купонды қамтитын төлемдер ұсынылған. Бірінші талап ету бойынша өтелуге тиіс міндеттемелер өтеу туралы талап ету мүмкін болатын ең ерте күні жасалған ретінде қарастырылады. Алайда, Компания көптеген несие берушілерден Компания тиісті төлемді жүзеге асыруға міндетті болатын ең ерте күні өтеуді талап етпейді деп күтеді.

(мың теңгемен)

25. Тәуекелдерді басқару, жалғасы**Өтімділік тәуекелі және қаржыландыру көздерін басқару, жалғасы***Қаржылық міндеттемелерді өтелуге дейін қалған мерзімдері бойынша талдау, жалғасы*

2024 жылдың 31 желтоқсаны	3 айдан аз	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	Жиыны
Акционер алдындағы берешек «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	1.180.086	4.873.101	8.935.140	1.954.459	16.942.786
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	255.000	255.000	2.040.000	55.253.000	57.803.000
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	195.689	6.869.266	700.000	51.466.932	59.231.887
	18.361.250	54.494.722	337.153.750	186.100.000	596.109.722
Дисконтталмаған қаржылық міндеттемелердің жиыны	19.992.025	66.492.089	348.828.890	294.774.391	730.087.395

2023 жылдың 31 желтоқсаны	3 айдан аз	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	Жиыны
Акционер алдындағы берешек «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	1.259.923	5.195.239	13.345.022	3.597.764	23.397.948
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	255.000	255.000	2.040.000	55.763.000	58.313.000
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	11.133.582	11.807.012	7.590.097	52.166.789	82.697.480
	8.517.500	63.738.002	145.918.472	119.750.000	337.923.974
Дисконтталмаған қаржылық міндеттемелердің жиыны	21.166.005	80.995.253	168.893.591	231.277.553	502.332.402

Төмендегі кестеде компанияның шарттық және шартты міндеттемелерінің шарттық мерзімі көрсетілген. Кредиттер беру бойынша барлық орындалмаған міндеттемелер клиент оны орындауды талап ете алатын ең ерте күнді қамтитын уақытша кезеңге енгізіледі.

	3 айдан аз	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	Жиыны
2024 жыл	6.190.406	–	–	–	6.190.406
2023 жыл	14.621.791	–	–	–	14.621.791

Компания барлық шарттық немесе шартты міндеттемелерді олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін орындау талап етілмейді деп күтеді.

Компанияның өз міндеттемелерін орындау қабілеті оның белгілі бір уақыт аралығында активтердің баламалы сомасын жүзеге асыру қабілетіне байланысты.

Компания акционерден және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-дан қомақты қаражат алды. Басшылық жақын болашақта компанияны қаржыландыру көлемі бұрынғы деңгейде сақталады және осы қаражатты беру қажеттілігі туындаған жағдайда Компания алдын ала хабарлама алады және қажетті төлемдерді жүзеге асыру үшін өзінің өтімді активтерін сата алады деп санайды.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – бұл пайыздық мөлшерлемелер, валюта бағамдары және үлестік құралдардың бағалары сияқты нарықтық параметрлердегі өзгерістерге байланысты қаржы құралдары бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны өзгертін тәуекел. Сауда-саттық емес портфель бойынша нарықтық тәуекел сезімталдықты талдау негізінде басқарылады және бақыланады. Валюталық позицияларды қоспағанда, Компанияның нарықтық тәуекелдің айтарлықтай концентрациясы жоқ.

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру қаупі

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру қаупі пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі болашақ ақша ағындарына немесе қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін болғандықтан туындайды. Компанияның активтері мен міндеттемелері бойынша пайыздық мөлшерлемелер тұрақты болып табылады.

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі белгілі бір өтеу мерзімі бар қолда бар немесе болжанатын активтер өтеу мерзімі ұқсас қолда бар немесе болжанатын міндеттемелердің шамасы бойынша көп немесе аз болған жағдайларда туындайды.

(мың теңгемен)

25. Тәуекелдерді басқару, жалғасы**Нарық тәуекелі, жалғасы****Сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдерін талдау**

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі негізінен сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруін мониторингтеу арқылы басқарылады. Негізгі қаржы құралдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдеріне қатысты қысқаша ақпарат мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

	2024 жылдың 31 желтоқсаны						Пайызсыз	Жиыны
	Талап етілгенге дейін және 3 айдан аз	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан жоғары			
Активтер								
Ақша қаражаттары және оның баламалары	53.630.207	—	—	—	—	883		53.631.090
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	—	—	2.433.970	—	—	—		2.433.970
Клиенттерге несиелер	3.254.165	85.219	2.545.141	1.479.714	192.451	—		7.556.690
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	54.378.536	16.255.046	60.526.151	290.685.851	128.406.823	—		550.252.407
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны алдын ала төлеу	—	—	—	—	—	9.938.789		9.938.789
Өзге қаржылық активтер	—	—	—	—	—	55.676		55.676
Қаржылық активтер жиыны	111.262.908	16.340.265	65.505.262	292.165.565	128.599.274	9.995.348		623.868.622
Міндеттемелер								
Акционер алдындағы берешек	1.073.982	991.906	3.011.455	6.443.663	1.428.390	—		12.949.396
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	198.333	—	—	—	13.169.262	—		13.367.595
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	76.138	6.471.914	52.118	—	9.583.707	—		16.183.877
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	8.705.671	25.566.002	—	163.914.279	144.985.358	—		343.171.310
Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек	—	—	—	—	—	1.127.246		1.127.246
Өзге қаржылық міндеттемелер	—	—	—	—	—	4.170.385		4.170.385
Қаржылық міндеттемелер жиыны	10.054.124	33.029.822	3.063.573	170.357.942	169.166.717	5.297.631		390.969.809
Таза позиция	101.208.784	(16.689.557)	62.441.689	121.807.623	(40.567.443)	4.697.717		232.898.813

(мың теңгемен)

25. Тәуекелдерді басқару, жалғасы**Нарық тәуекелі, жалғасы****Сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдерін талдау, жалғасы**

	2023 жылдың 31 желтоқсаны						Жиыны
	Талап етілгенге дейін және 3 айдан аз	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан жоғары	Пайызсыз	
Активтер							
Ақша қаражаттары және оның баламалары	38.801.050	—	—	—	—	4.999.938	43.800.988
Клиенттерге несиелер	4.921.515	222.836	1.622.964	1.276.288	67.160	—	8.110.763
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	47.458.492	13.859.353	38.766.329	232.571.002	115.768.387	—	448.423.563
Өзге қаржылық активтер	—	—	—	—	—	63.235	63.235
Қаржылық активтер жиыны	91.181.057	14.082.189	40.389.293	233.847.290	115.835.547	5.063.173	500.398.549
Міндеттемелер							
Акционер алдындағы берешек	1.132.847	984.469	2.984.060	9.922.291	2.617.085	—	17.640.752
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	198.333	—	—	—	12.225.198	—	12.423.531
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	10.645.415	3.577.351	6.920.058	6.455.964	6.481.935	—	34.080.723
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	7.054.108	5.315.302	39.517.473	64.414.471	93.966.934	—	210.268.288
Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек	—	—	—	—	—	5.209.262	5.209.262
Өзге қаржылық міндеттемелер	—	—	—	—	—	1.826.374	1.826.374
Қаржылық міндеттемелер жиыны	19.030.703	9.877.122	49.421.591	80.792.726	115.291.152	7.035.636	281.448.930
Таза позиция	72.150.354	4.205.067	(9.032.298)	153.054.564	544.395	(1.972.463)	218.949.619

Төмендегі кестеде 2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияның пайыздық активтері мен міндеттемелері және оларға сәйкес келетін орташа тиімді сыйақы мөлшерлемелері көрсетілген. Осы сыйақы мөлшерлемелері тиісті активтер мен міндеттемелерді өтеуге шамамен кірістілікті көрсетеді.

	2024 жылдың 31 желтоқсаны		2023 жылдың 31 желтоқсаны	
	Баланстық құн мың теңге	Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі	Баланстық құн мың теңге	Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі
Пайыздық активтер				
Ақша қаражаттары және оның баламалары				
- теңгемен	53.120.771	13,86%	35.293.342	16,04%
- доллармен	527.436	2,75%	3.507.708	1,26%
Несие ұйымдарындағы қаражат				
- доллармен	2.433.970	2,52%	—	—
Клиенттерге несиелер				
- теңгемен	7.556.690	11,83%	8.110.763	11,78%
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек				
- теңгемен	550.252.407	15,78%	448.423.563	15,50%
Пайыздық міндеттемелер				
Акционер алдындағы берешек				
- теңгемен	12.949.396	11,79%	17.640.752	11,29%
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек				
- теңгемен	13.367.595	11,98%	12.423.531	11,98%
Кредиттік ұйымдардың қаражаты				
- теңгемен	16.183.877	13,95%	34.080.723	15,29%
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар				
- теңгемен	343.171.310	15,09%	210.268.288	14,27%

(мың теңгемен)

25. Тәуекелдерді басқару, жалғасы**Нарық тәуекелі, жалғасы****Ақша ағындарының сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне сезімталдығын талдау**

Бір жылдағы таза пайданың және компанияның меншікті капиталының сыйақының нарықтық мөлшерлемелерінің өзгеруіне сезімталдығын талдау (2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыстағы пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша 100 базистік тармаққа және позицияларға кірістілік қисықтарының қатарлас төмендеуінің немесе өсуінің оңайлатылған сценарийі негізінде жасалған) келесідей ұсынылған:

	2024 жыл		2023 жыл	
	Пайда	Меншікті капитал	Пайда	Меншікті капитал
100 базистік тармаққа параллель ұлғайту	(1.114.733)	(1.114.733)	(425.238)	(425.238)
100 базистік тармаққа параллель азайту	1.114.733	1.114.733	425.238	425.238

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – бұл валюта бағамының өзгеруі салдарынан қаржылық құрал құнының ауытқу тәуекелі. Басқарма ҚРҰБ ұсынымдары негізінде шетел валютасындағы позициялар бойынша лимиттер белгіледі. Жайғасымдар күнделікті қадағаланып тұрады.

Келесі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша валюталар бөлінісіндегі қаржылық активтер мен міндеттемелердің құрылымы көрсетілген:

	2024 жылдың 31 желтоқсаны			
	АҚШ		Еуро	Жиыны
	Теңге	доллары		
Активтер				
Ақша қаражаттары және оның баламалары	53.103.654	527.436	–	53.631.090
Несие ұйымдарындағы қаражат	–	2.433.970	–	2.433.970
Клиенттерге несиелер	7.556.690	–	–	7.556.690
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	550.252.407	–	–	550.252.407
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны алдын ала төлеу	9.938.789	–	–	9.938.789
Өзге қаржылық активтер	33.835	6.720	15.121	55.676
Активтер жиыны	620.885.375	2.968.126	15.121	623.868.622
Міндеттемелер				
Акционер алдындағы берешек	12.949.396	–	–	12.949.396
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	13.367.595	–	–	13.367.595
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	16.183.877	–	–	16.183.877
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	343.171.310	–	–	343.171.310
Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек	803.814	166.556	156.876	1.127.246
Өзге қаржылық міндеттемелер	4.170.385	–	–	4.170.385
Міндеттемелер жиыны	390.646.377	166.556	156.876	390.969.809
Таза позиция	230.238.998	2.801.570	(141.755)	232.898.813

(мың теңгемен)

25. Тәуекелдерді басқару, жалғасы**Валюталық тәуекел, жалғасы**

	2023 жылдың 31 желтоқсаны			
	АҚШ			
	Теңге	доллары	Еуро	Жиыны
Активтер				
Ақша қаражаттары және оның баламалары	40.293.280	3.507.708	–	43.800.988
Клиенттерге несиелер	8.110.763	–	–	8.110.763
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	448.423.563	–	–	448.423.563
Өзге қаржылық активтер	58.742	2.202	2.291	63.235
Активтер жиыны	496.886.348	3.509.910	2.291	500.398.549
Міндеттемелер				
Акционер алдындағы берешек	17.640.752	–	–	17.640.752
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	12.423.531	–	–	12.423.531
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	34.080.723	–	–	34.080.723
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	210.268.288	–	–	210.268.288
Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек	2.378.642	1.651.742	1.178.878	5.209.262
Өзге қаржылық міндеттемелер	1.826.374	–	–	1.826.374
Міндеттемелер жиыны	278.618.310	1.651.742	1.178.878	281.448.930
Таза позиция	218.268.038	1.858.168	(1.176.587)	218.949.619

Келесі кестеде компанияның 31 желтоқсанда сауда емес монетарлық активтер мен міндеттемелер, сондай-ақ болжамды ақша ағындары бойынша маңызды позициялары бар валюталар көрсетілген. Жүргізілген талдау теңгеге қатысты валюта бағамдарындағы ықтимал өзгерістердің пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есепке әсерін есептеуден тұрады (әділ құны валюта бағамының өзгеруіне сезімтал сауда-саттық емес монетарлық активтер мен міндеттемелердің болуына байланысты). Капиталға әсер ету пайда немесе залал туралы есепке және басқа жиынтық табысқа әсер етуден өзгеше емес. Барлық басқа параметрлер тұрақты мәндермен қабылданады. Кестедегі теріс сомалар пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс немесе капитал туралы есепте ықтимал таза төмендеуді көрсетеді, ал оң сомалар ықтимал таза өсуді көрсетеді.

	Валюта бағамының өзгеруі %	Салық салуға дейінгі пайдаға әсері	Валюта бағамының өзгеруі %	Салық салуға дейінгі пайдаға әсері
Валюта	2024 жыл	2024 жыл	2023 жыл	2023 жыл
АҚШ доллары	-10%	(224.126)	-10%	(148.653)
АҚШ доллары	10%	224.126	10%	148.653
Еуро	-20%	22.681	-20%	188.254
Еуро	20%	(22.681)	20%	(188.254)

Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел – бұл жүйелік сәтсіздікке, қызметкерлердің қателіктеріне, алаяқтыққа немесе сыртқы оқиғаларға байланысты туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі жұмысын тоқтатқан кезде Операциялық тәуекелдер беделге нұқсан келтіруі, құқықтық салдары болуы немесе қаржылық шығындарға әкелуі мүмкін. Компания барлық Операциялық тәуекелдер жойылды деген болжам жасай алмайды, бірақ бақылау жүйесі арқылы және бақылау және ықтимал тәуекелдерге тиісті жауап беру арқылы Компания мұндай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттемелерді тиімді бөлуді, қолжеткізу құқықтарын, бекіту және салыстыру рәсімдерін, қызметкерлерді оқытуды, сондай-ақ ішкі аудитті қоса алғанда бағалау рәсімдерін қарастырады.

26. Әділ құнын бағалау**Әділ құн иерархиясы**

Компания бағалау моделіне байланысты қаржы құралдарының әділ құнын анықтау және ол туралы ақпаратты ашудың келесі иерархиясын қолданады:

- 1-деңгей: бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтардағы баға ұсыныстары (түзетілмеген).
- 2-деңгей: есептілікте көрсетілген әділ құн сомасына елеулі әсер ететін барлық бастапқы деректер нарықта байқалатын ақпаратқа тікелей немесе жанама негізделетін бағалау модельдері.
- 3-деңгей: нарықта байқалатын ақпаратқа негізделмеген есептілікте көрсетілген әділ құн сомасына елеулі әсер ететін бастапқы деректерді пайдаланатын бағалау модельдері.

(мың теңгемен)

26. Әділ құнын бағалау, жалғасы**Әділ құн иерархиясы, жалғасы**

Келесі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн көздерінің иерархиясы деңгейлері бөлінісінде қаржы құралдарына талдау ұсынылған:

	<i>Пайдалану арқылы әділ құнды бағалау</i>			<i>Жиыны</i>
	<i>Белсенді нарықтардағы баға ұсыныстары (1 деңгей)</i>	<i>Елеулі бақыланатын бастапқы деректер (2 деңгей)</i>	<i>Елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер (3 деңгей)</i>	
2024 жылдың 31 желтоқсаны				
Әділ құны ашылатын активтер				
Ақша қаражаттары және оның баламалары	–	53.631.090	–	53.631.090
Несие ұйымдарындағы қаражат	–	2.433.970	–	2.433.970
Клиенттерге несиелер	–	384.101	3.425.866	3.809.967
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	–	378.664.318	95.265.418	473.929.736
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны алдын ала төлеу	–	9.938.789	–	9.938.789
Өзге қаржылық активтер	–	55.676	–	55.676
Әділ құны ашылатын қаржы активтерінің жиыны	–	445.107.944	98.691.284	543.799.228
Әділ құны ашылатын қаржылық міндеттемелер				
Акционер алдындағы берешек	–	12.845.525	–	12.845.525
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	–	11.941.548	–	11.941.548
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	–	17.737.426	–	17.737.426
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	–	360.724.426	–	360.724.426
Кредиторлық берешек	–	1.127.246	–	1.127.246
Өзге қаржылық міндеттемелер	–	4.170.385	–	4.170.385
Әділ құны ашылатын қаржылық міндеттемелердің жиынтығы	–	408.546.556	–	408.546.556

(мың теңгемен)

26. Әділ құнын бағалау, жалғасы**Әділ құн иерархиясы, жалғасы**

Келесі кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн көздерінің иерархиясы деңгейлері бөлінісінде әділ құн бойынша қаржылық есептілікте ұсынылған қаржы құралдарына талдау ұсынылған:

	<i>Пайдалану арқылы әділ құнды бағалау</i>			<i>Жиыны</i>
	<i>Белсенді нарықтардағы баға ұсыныстары (1 деңгей)</i>	<i>Елеулі бақыланатын бастапқы деректер (2 деңгей)</i>	<i>Елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер (3 деңгей)</i>	
2023 жылдың 31 желтоқсаны				
Әділ құны ашылатын активтер				
Ақша қаражаттары және оның баламалары	–	43.800.988	–	43.800.988
Клиенттерге несиелер	–	729.632	4.506.681	5.236.313
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	–	357.177.179	51.391.458	408.568.637
Өзге қаржылық активтер	–	63.235	–	63.235
Әділ құны ашылатын қаржы активтерінің жиыны	–	401.771.034	55.898.139	457.669.173
Әділ құны ашылатын қаржылық міндеттемелер				
Акционер алдындағы берешек	–	16.834.026	–	16.834.026
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	–	10.111.675	–	10.111.675
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	–	34.030.860	–	34.030.860
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	–	203.587.505	–	203.587.505
Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек	–	5.209.262	–	5.209.262
Өзге қаржылық міндеттемелер	–	1.826.374	–	1.826.374
Әділ құны ашылатын қаржылық міндеттемелердің жиынтығы	–	271.599.702	–	271.599.702

Төменде қаржылық жағдай туралы есепте әділ құн бойынша көрсетілмейтін компанияның қаржы құралдарының сыныптары бойынша баланстық құн мен әділ құнды салыстыру келтірілген. Кестеде қаржылық емес активтер мен қаржылық емес міндеттемелердің әділ құнының мәндері көрсетілмеген.

	<i>2024 жылдың 31 желтоқсаны</i>		<i>2023 жылдың 31 желтоқсаны</i>	
	<i>Баланстық құны</i>	<i>Әділ құн</i>	<i>Баланстық құны</i>	<i>Әділ құн</i>
Қаржылық активтер				
Ақша қаражаттары және оның баламалары	53.631.090	53.631.090	43.800.988	43.800.988
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	2.433.970	2.433.970	–	–
Клиенттерге несиелер	7.556.690	3.809.967	8.110.763	5.236.313
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	550.252.407	473.929.736	448.423.563	408.568.637
Борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны алдын ала төлеу	9.938.789	9.938.789	–	–
Өзге қаржылық активтер	55.676	55.676	63.235	63.235
	623.868.622	543.799.228	500.398.549	457.669.173
Қаржылық міндеттемелер				
Акционер алдындағы берешек	12.949.396	12.845.525	17.640.752	16.834.026
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	13.367.595	11.941.548	12.423.531	10.111.675
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	16.183.877	17.737.426	34.080.723	34.030.860
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	343.171.310	360.724.426	210.268.288	203.587.505
Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек	1.127.246	1.127.246	5.209.262	5.209.262
Өзге қаржылық міндеттемелер	4.170.385	4.170.385	1.826.374	1.826.374
	390.969.809	408.546.556	281.448.930	271.599.702

*(мың теңгемен)***26. Әділ құнын бағалау, жалғасы****Бағалау және жорамал әдістері**

Төменде қаржылық есептілікте әділ құн бойынша көрсетілетін активтер мен міндеттемелердің әділ құны айқындалған модельдер мен жорамалдар, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы есепте әділ құн бойынша бағаланбайтын, бірақ әділ құны ашылатын баптар сипатталған.

Әділ құны шамамен алғанда баланстық құнына тең активтер

Өтімді болып табылатын немесе өтеу мерзімі қысқа (үш айдан аз) қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер жағдайында олардың әділ құны шамамен алғанда баланстық құнына тең деуге рұқсат беріледі. Бұл жорамал талап етілгенге дейінгі салымдарға және белгіленген өтеу мерзімі жоқ жинақ шоттарына да қолданылады.

Тұрақты мөлшерлеме және өзгермелі мөлшерлеме қаржы құралдары

Белгіленбеген қаржы құралдары жағдайында ұқсас шарттары мен кредиттік тәуекелі бар қаржы құралдары үшін өтеуге дейінгі қалған уақыт кезеңін ескере отырып, ағымдағы пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағындарының моделі қолданылады.

Әділ құны қаржылық есептілікте ашылатын активтер бойынша болашақ ақша ағындары ҚРҰБ жариялайтын статистика негізінде өтеу мерзімі ұқсас қаржы құралдарының орташа нарықтық мөлшерлемесі бойынша дисконтталады. Бұл тәсіл клиенттерге несиелердің әділ құнын және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті анықтауда қолданылады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша нарықтық мөлшерлеменің орташа мәні 22,26% құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 22,38%).

Қаржылық есептілікте әділ құны ашылатын міндеттемелер бойынша болашақ ақша ағындары өтеу мерзімі мен кредиттік рейтингі ұқсас қаржы құралдарының орташа нарықтық мөлшерлемесі бойынша дисконтталады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құнды бағалау үшін пайдаланылатын нарықтық мөлшерлемелер теңгемен номиналданған қарыздар мен шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша жылдық 12,77%-дан 13,08%-ға дейін (2023 жылғы 31 желтоқсан: жылдық 11,91%-дан 15,67%-ға дейін) құрады.

Болашақ ақша ағындары негізгі қарызды және негізгі қарыз сомасына шартта көзделген пайыздық мөлшерлемемен есептелген пайыздарды өтеуді қамтиды.

27. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін талдау

Төмендегі кестелерде активтер мен міндеттемелер оларды өтеудің күтілетін мерзімдері тұрғысынан берілген. Компанияның өтеу жөніндегі шарттық дисконтталмаған міндеттемелері туралы ақпарат «тәуекелдерді басқару» 24-ескертпесінде ашылған.

(мың теңгемен)

27. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін талдау, жалғасы

	2024 жылдың 31 желтоқсаны						Өтеу		Барлығы
	Талап етілгенге дейін	1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	мерзімінсіз	Мерзімі өткен	
Активтер									
Ақша қаражаттары және оның баламалары	21.182.776	23.442.864	9.005.450	—	—	—	—	—	53.631.090
Несие ұйымдарындағы қаражат	—	—	—	2.433.970	—	—	—	—	2.433.970
Клиенттерге несиелер	—	6.386	318.279	2.630.360	1.479.714	192..451	—	2.929.500	7.556.690
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	—	5.144.122	32.601.045	76.781.197	290.685.851	128.406.823	—	16.633.369	550.252.407
Қорлар	—	—	—	—	—	—	2.984.702	—	2.984.702
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер	—	—	—	134.115	—	—	—	—	134.115
Негізгі құралдар	—	—	—	—	—	—	861.659	—	861.659
Материалдық емес активтер	—	—	—	—	—	—	360.931	—	360.931
Қосылған құн салығы және өтеуге салынатын өзге де салықтар	—	197.893	950.608	2.630.508	7.025.316	—	—	—	10.804.325
Берілген алғытөлемдертар	—	—	—	442	4.003.918	—	—	—	4.004.360
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны алдын ала төлеу	—	—	4.635.500	5.303.289	—	—	—	—	9.938.789
Өзге активтер	—	—	—	233.266	—	—	—	1.050.901	1.284.167
Барлық актив	21.182.776	28.791.265	47.510.882	90.147.147	303.194.799	128.599.274	4.207.292	20.613.770	644.247.205
Міндеттемелер									
Акционер алдындағы берешек	—	76.485	997.497	4.003.361	6.443.663	1.428.390	—	—	12.949.396
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	—	—	198.333	—	—	13.169.262	—	—	13.367.595
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	—	34.740	41.398	6.524.032	—	9.583.707	—	—	16.183.877
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	—	6.973.560	1.732.111	25.566.002	163.914.279	144.985.358	—	—	343.171.310
Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек	—	—	749.742	377.504	—	—	—	—	1.127.246
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	—	—	—	—	—	4.447.718	—	—	4.447.718
Алынған алғытөлемдертар	—	—	—	5.131.334	—	—	—	—	5.131.334
Мемлекеттік субсидиялар	—	96.141	4.822.024	6.229.883	6.859.872	32.347.163	—	—	50.355.083
Өзге міндеттемелер	—	1.177.324	176.788	3.495.400	—	—	—	—	4.849.512
Міндеттемелер барлығы	—	8.358.250	8.717.893	51.327.516	177.217.814	205.961.598	—	—	451.583.071
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза позиция	21.182.776	20.433.015	38.792.989	38.819.631	125.976.985	(77.362.324)	4.207.292	20.613.770	192.664.134

(мың теңгемен)

27. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін талдау, жалғасы

	2023 жылдың 31 желтоқсаны						Өтеу		Барлығы
	Талап етілгенге дейін	1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	мерзімінсіз	Мерзімі өткен	
Активтер									
Ақша қаражаттары және оның баламалары	43.800.988	—	—	—	—	—	—	—	43.800.988
Клиенттерге несиелер	—	94	683.075	1.845.800	1.276.288	67.160	—	4.238.346	8.110.763
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	—	4.192.056	28.811.281	52.625.682	232.571.002	115.768.387	—	14.455.155	448.423.563
Өзге қаржылық активтер	—	—	—	—	—	—	—	63.235	63.235
Қорлар	—	—	—	—	—	—	3.042.877	—	3.042.877
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер	—	—	—	134.115	—	—	—	—	134.115
Негізгі құралдар	—	—	—	—	—	—	872.477	—	872.477
Материалдық емес активтер	—	—	—	—	—	—	412.854	—	412.854
Қосылған құн салығы және өтеуге салынатын өзге де салықтар	—	187.816	901.845	2.252.303	7.151.506	—	—	—	10.493.470
Берілген алғытөлемдертар	—	—	161.219	—	6.209.809	—	—	—	6.371.028
Қауымдастырылған компанияларға инвестициялар	—	—	—	—	—	—	434.037	—	434.037
Өзге активтер	—	731	—	171.313	—	—	—	972.000	1.207.279
Барлық актив	43.800.988	4.380.697	30.557.420	57.029.213	247.208.605	115.835.547	4.762.245	19.728.736	523.303.451
Міндеттемелер									
Акционер алдындағы берешек	—	114.354	1.018.493	3.968.529	9.922.291	2.617.085	—	—	17.640.752
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	—	—	198.333	—	—	12.225.198	—	—	12.423.531
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	—	68.340	10.577.075	10.497.409	6.455.964	6.481.935	—	—	34.080.723
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	—	5.321.997	1.732.111	44.832.775	64.414.471	93.966.934	—	—	210.268.288
Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек	—	1.160.689	3.849.398	199.175	—	—	—	—	5.209.262
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	—	—	—	—	—	7.132.562	—	—	7.132.562
Алынған алғытөлемдертар	—	—	—	5.013.679	—	—	—	—	5.013.679
Мемлекеттік субсидиялар	—	58.941	116.457	569.032	4.181.675	38.591.960	—	—	43.518.065
Өзге міндеттемелер	—	80.552	—	2.367.137	—	—	—	—	2.447.689
Міндеттемелер барлығы	—	6.804.873	17.491.867	67.447.736	84.974.401	161.015.674	—	—	337.734.551
2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза позиция	43.800.988	(2.424.176)	13.065.553	(10.418.523)	162.234.204	(45.180.127)	4.762.245	19.728.736	185.568.900

(мың теңгемен)

28. Байланысты тараптармен операциялар

«Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» 24 ҚЕХС (IAS) сәйкес байланысты тараптар – бұл біреуі екінші тараптың операциялық және қаржылық шешімдерін бақылауға немесе оған елеулі деңгейде әсер ету мүмкіндігіне ие болатын тараптар. Тараптардың байланыстылығы жөніндегі мәселені шешкен кезде тараптардың заңдық нысаны ғана емес, олардың өзара қатынастарының мазмұны да ескеріледі.

Байланысты Тараптар байланысты емес Тараптар арасында жүргізілмейтін мәмілелерге кіре алады. Мұндай мәмілелердің бағасы мен шарттары байланысты емес Тараптар арасындағы бағалар мен мәмілелер шарттарынан өзгеше болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті арқылы компанияның қызметін бақылайды.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік агенттіктер және өзге де ұйымдар арқылы тікелей және жанама түрде кәсіпорындардың едәуір санына (бірілесіп «мемлекетпен байланысты кәсіпорындар» деп аталады) бақылау жасайды және елеулі әсер етеді. Компания осы кәсіпорындармен несие тарту және қолма-қол ақшаны орналастыру сияқты банктік операциялар жасайды.

Төменде 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар келтірілген:

	Акционер	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	Топ ұйымдары «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар
АКТИВТЕР				
Ақша қаражаттары және олардың баламалары (номиналды пайыздық мөлшерлемелер: 12%–15,1%)	–	–	–	12.789.274
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер	–	–	–	134.115
Қосылған құн салығы және өтеуге салынатын өзге де салықтар	–	–	–	10.804.325
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны алдын ала төлеу	–	9.938.789	–	–
МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Акционер алдындағы берешек (номиналды пайыздық мөлшерлемелер: 5%–13%)	12.949.396	–	–	–
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек (номиналды пайыздық мөлшерлемелер 1,02%)	–	13.367.595	–	–
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар (номиналды пайыздық мөлшерлемелер: 11,5%–19,25%)	–	227.161.786	5.202.304	78.044.718
кредиттік ұйымдардың қаражаты (номиналды пайыздық мөлшерлемелер: 0,35%)	–	–	9.635.824	–
Мемлекеттік субсидиялар	–	–	–	50.355.083
Басқа міндеттемелер (клиенттер бойынша субсидиялар)	–	–	–	4.045.615
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	–	–	–	4.447.718

(мың теңгемен)

28. Байланысты тараптармен операциялар, жалғасы

Төменде 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар келтірілген:

	Қауымдасты- рылған компаниялар	Акциянер	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	Топ ұйымдары «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	Мемлекеттік кәсіпорын- дармен операциялар
АКТИВТЕР					
Ақша қаражаттары және олардың баламалары (номиналды пайыздық мөлшерлемелер: 1,5%–15%)	–	–	–	3.645.835	4.999.925
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер	–	–	–	–	134.115
Қосылған құн салығы және өтеуге салынатын өзге де салықтар	–	–	–	–	10.493.470
Қауымдастырылған компанияларға инвестициялар	434.037	–	–	–	–
МІНДЕТТЕМЕЛЕР					
Акциянер алдындағы берешек (номиналды пайыздық мөлшерлемелер: 5%–13%)	–	17.640.752	–	–	–
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек (номиналды пайыздық мөлшерлемелер 1,02%)	–	–	12.423.531	–	–
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар (номиналды пайыздық мөлшерлемелер: 8,50%–19,25%)	–	–	62.745.135	65.527.374	48.846.094
кредиттік ұйымдардың қаражаты (номиналды пайыздық мөлшерлемелер: 0,35%)	–	–	–	6.531.319	–
Мемлекеттік субсидиялар	–	–	–	–	43.518.065
Басқа міндеттемелер (клиенттер бойынша субсидиялар)	–	–	–	–	1.701.424
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	–	–	–	–	7.132.562

Төменде 2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылмен байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары келтірілген:

	Акциянер	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	Топ ұйымдары «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар
Пайыздық шығындар	(1.763.806)	(24.032.775)	(1.800.099)	(13.601.533)
Пайыздық кірістер	–	–	503.531	5.097.482
Кредиттік шығындар бойынша кірістер/(шығыстар)	–	–	217	(191)
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза шығыстар	–	–	(29.201)	–
Мемлекеттік субсидиялар бойынша кірістер	–	–	–	9.630.359
Корпоративтік табыс салығын үнемдеу	–	–	–	1.723.252

Төменде 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылмен байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары келтірілген:

	Акциянер	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	Топ ұйымдары «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар
Пайыздық шығындар	(2.372.208)	(9.397.693)	(4.817.133)	(9.407.045)
Пайыздық кірістер	–	–	6.748	3.823.506
Кредиттік шығындар бойынша кірістер/(шығыстар)	–	–	(217)	2.149
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза шығыстар	–	–	(10.916)	–
Мемлекеттік субсидиялар бойынша кірістер	–	–	–	354.661
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығыстар	–	–	–	(1.948)

(мың теңгемен)

28. Байланысты тараптармен операциялар, жалғасы

Акционерден, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және жалпы бақылаудағы компаниядан тартылған кредиттердің шарттары туралы ақпарат тиісінше 11,12, 13-ескертпелерде берілген. Мемлекеттік кәсіпорындармен жасалған операциялар құрамында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ұйымдарының «кері РЕПО» операциялары бойынша компанияның Шығарылған борыштық бағалы қағаздарын сатып алу жөніндегі мәмілелері де көрсетілген. Мұндай мәмілелерде орталық контрагент «Қазақстан қор биржасы» АҚ болып табылатындықтан, мәмілелер бойынша операциялар мен сальдо мемлекеттік кәсіпорындармен жасалған операцияларда көрініс табады.

Негізгі басқару қызметкерлер құрамына сыйақы келесі позицияларды қамтиды:

	2024 жыл	2023 жыл
Жалақы және өзге де қысқа мерзімді төлемдер	194.024	166.829
Директорлар кеңесінің Мүшелеріне сыйақы	7.598	7.983
Әлеуметтік қамсыздандыруға салынатын салықтар мен аударымдар	21.165	16.620
Негізгі басқару қызметкерлер құрамына сыйақы жиыны	227.787	191.432

29. Қаржылық қызметке қатысты міндеттемелердегі өзгерістер

	Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	Кредиттік ұйымдардың қаражаты	Акционер алдындағы берешек	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	Қаржылық қызмет бойынша міндеттемелер дің жиыны
2023 жылғы					
1 қаңтардағы баланстық					
күн	206.717.109	30.638.480	22.062.088	11.584.240	271.001.917
Түсімдер	30.278.337	30.000.000	—	—	60.278.337
Өтеу	(28.952.250)	(10.479.201)	(4.802.194)	—	(44.233.645)
Ақшалай емес операциялар	493.599	(16.411.372)	384.528	839.291	(14.693.954)
Жарияланған дивидендтер	—	—	10.309.687	—	10.309.687
Төленген дивидендтер	—	—	(10.309.687)	—	(10.309.687)
Өзге	1.731.493	332.816	(3.670)	—	2.060.639
2023 жылғы					
31 желтоқсандағы					
баланстық күн	210.268.288	34.080.723	17.640.752	12.423.531	274.413.294
Түсімдер	175.000.000	—	—	—	175.000.000
Өтеу	(43.933.000)	(20.479.200)	(4.933.964)	—	(69.346.164)
Ақшалай емес операциялар	875.073	3.148.896	314.019	944.064	5.282.052
Жарияланған дивидендтер	—	—	13.249.722	—	13.249.722
Төленген дивидендтер	—	—	(13.249.722)	—	(13.249.722)
Өзге	960.949	(566.542)	(71.411)	—	322.996
2024 жылғы					
31 желтоқсандағы					
баланстық күн	343.171.310	16.183.877	12.949.396	13.367.595	385.672.178

«Ақшалай емес операциялар» бабы есепті кезеңде шығарылған борыштық бағалы қағаздар, өзге де қарыз қаражаттары және акционерден және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-дан алынған қарыздар бойынша дисконтты өзгертуді, сондай-ақ алғытөлемдертарды есептеуді қамтиды.

«Өзгелері» бабы Шығарылған борыштық бағалы қағаздар, өзге де қарыз қаражаттары және акционерден және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-нан алынған қарыздар бойынша есептелген, бірақ әлі төленбеген пайыздардың әсерін қамтиды. Компания төленген пайыздарды операциялық қызметтен түсетін ақша ағындары ретінде жіктейді.

30. Капиталдың жеткіліктілігі

Компания қызметіне тиесілі тәуекелдерден сақтану мақсатында капиталдың жеткіліктілік деңгейін белсенді түрде басқарады. Компания капиталдың жеткіліктілігін ҚРҰБ мен 1988 жылғы Базель келісімінде компанияның қызметін қадағалауды жүзеге асыру кезінде белгіленген коэффициенттерді, басқа әдістермен қатар, пайдалана отырып бақылайды.

2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания капиталға қатысты заңнамада белгіленген барлық сыртқы талаптарды толық орындады.

Компания үшін капиталды басқарудың негізгі мақсаты капиталға қатысты сыртқы талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және қызметті жүзеге асыру және Акционерлік құнды барынша арттыру үшін қажетті жоғары кредиттік рейтинг пен капиталдың жеткіліктілік нормативтерін сақтау болып табылады.

(мың теңгемен)

30. Капиталдың жеткіліктілігі, жалғасы

ҚРҰБ банк қызметінің жекелеген түрлерімен айналысатын компаниялардан 6,0% мөлшерінде 1 деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициентін және активтердің 6,0% мөлшерінде 2 деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициентін және тәуекелді ескере отырып мөлшерленген активтердің 12,0% мөлшерінде капиталдың жеткіліктілігінің жалпы коэффициентін сақтауды талап етеді. 31 желтоқсанда Компания капиталының жеткіліктілік коэффициенті осы негізде келесідей болды:

	2024 жыл	2023 жыл
Бірінші деңгейдегі Капитал	172.293.741	166.600.027
Екінші деңгейдегі Капитал	20.344.956	18.928.175
Капитал жиыны	192.638.697	185.528.202
Активтер жиыны	644.247.205	523.303.451
Тәуекелді ескере отырып өлшенген активтер және шартты және ықтимал міндеттемелер	630.170.421	526.454.152
Операциялық тәуекел	32.382.987	25.288.297
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1) кемінде 6,0%	26,74%	31,84%
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1-2) кемінде 6,0%	27,34%	31,65%
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1-3) кемінде 12,0%	29,39%	33,55%

1988 жылғы Базель келісімі бойынша капиталдың жеткіліктілік нормативі

31 желтоқсанда нарықтық тәуекелді қосуға қатысты кейінгі түзетулерді ескере отырып, 1988 жылғы Базель келісімінің ережелеріне сәйкес есептелген Компания капиталының жеткіліктілік нормативі:

	2024 жыл	2023 жыл
Бірінші деңгейдегі Капитал	172.293.741	166.600.027
Екінші деңгейдегі Капитал	20.344.956	18.928.175
Капитал жиыны	192.638.697	185.528.202
Тәуекелді ескере отырып өлшенген активтер	627.386.317	515.145.586
1-деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік нормативі	27,46%	32,34%
Капитал жеткіліктілігінің жалпы нормативі	26,74%	31,84%

31. Сегменттік есеп беру

Компанияның қызметі жоғары дәрежеде біріктірілген болып табылады және «Операциялық сегменттер» 8 ҚЕХС (IFRS) мақсаттары үшін бірыңғай операциялық сегментті білдіреді. Компанияның активтері Қазақстан Республикасында шоғырланған және Компания Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асырудан пайда алады. Компанияның операциялық шешімдер қабылдау жөніндегі жауапты тұлғасы Басқарма Төрағасы болып табылады, ол жалпы компания бойынша ақпаратты алып, талдайды.

32. Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Есепті күннен кейін Компания шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша купонның мынадай төлемдерін жүзеге асырды:

2025 жылғы 22 қаңтарда KZ2C00009843 (KAFIb13) облигациялары бойынша 1.925.000 мың теңге мөлшерінде;

2025 жылғы 3 ақпанда KZ2C00008514 (KAFIb12) облигациялары бойынша 4.212.500 мың теңге мөлшерінде;

2025 жылғы 7 ақпанда KZ2C00010908 (KAFIpp5) облигациялары бойынша 787.500 мың теңге мөлшерінде;

2025 жылғы 7 ақпанда KZ2C00010841 (KAFIpp4) облигациялары бойынша 1.181.250 мың теңге мөлшерінде;

2025 жылғы 26 ақпанда KZ2C00007862 (KAFIb11) облигациялары бойынша 2.380.000 мың теңге